

ЭЛЕКТИВТІ КУРС

Жаһандық құзыреттер

10
СЫНЫП



**Элективті курс бағдарламасы
Жаһандық құзыреттер
(10 сынып, 36 сағат)**

**Нұр-Сұлтан
2022**

Түсіндірме жазба

1. Жалпы ережелер

«Жаһандық құзыреттер» элективті курсының оқу бағдарламасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты аясында әзірленген.

Жаһандық құзыреттерді дамыту мектептегі білім берудің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Жаһандық құзыреттердің маңызы жаһанданудың артып келе жатқан ықпалына, қарқынды әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдар, мәдениеттер және ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты артып барады. «Жаһандық құзыреттер» курсы оқушылардың сыни ойлау қабілетін, зерттеу, қарым-қатынас жасау, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу және талдау дағдыларын қалыптастырып, дамытуға ықпал етеді.

Элективті курстың мақсаты:

Оқушылардың жергілікті және жаһандық мәселелерді, сондай-ақ мәдениетаралық өзара қарым-қатынас мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсіну мен бағалауды, сондай-ақ басқалармен құрметпен өзара қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру; жобалық жұмысты жазу дағдыларын дамыту.

Элективті курстың міндеттері:

- 1) оқушылардың сыни және аналитикалық ойлау қабілетін, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;
- 2) ақпаратты тану, талдау, бағалау, дәлелдерді тұжырымдау, күрделі жағдайларды немесе мәселелерді түсіндіру білігін қалыптастыру;
- 3) өзіндік мәдени біртектілікті сезіну және әлемнің мәдени сан алуандығын, мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну білігінің дамуына ықпал ету;
- 4) әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынас барысында құрмет пен ашықтық танытуды үйрету;
- 5) цифрлық ресурстар, электрондық оқыту платформалары, интернет және веб-сайттармен жұмыс істеу қабілетін дамыту;
- 6) академиялық адалдық ережелерін сақтауға дағдыландыру.

1. «Жаһандық құзыреттер» элективті курсының мазмұнын ұйымдастыру

Элективті курс бағдарламасы 36 сағатқа есептелген және бес бөлімнен тұрады. Курс 10-сынып оқушыларына арналған.

Курс материалы оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеріп әзірленген. Осы курсты әзірлеу барысында халықаралық әдебиетке шолу жүргізіліп, қажетті ресурстар жергілікті контекстке бейімделіп, интерактивті және жағдаяттық тапсырмалар әзірленді. Осы курс аясында оқушылар зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жобалық жұмыс жасайды. Әрбір сабақта оқушылар жобалық жұмыстың реттілігін жүзеге асыру мақсатында тапсырмалар орындайды. Әр бөлімде оқушылар келесі кезеңдер бойынша жобалық жұмысты орындайды: дайындық, жоспарлау, зерттеу, қорытынды, нәтижелерді баяндау.

Бірінші бөлімде оқушылар «жаһандық құзыреттер» ұғымымен танысып, жаһандық құзыреттерді дамыту жолдарын қарастырады. Бұл бөлім жобалық жұмыстың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау мен жұмыс тобын таңдауды қамтиды. Оқушылар қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау, жинау және нәтижелерді баяндау тәсілдерін анықтайды. Олар жоба нәтижелерін бағалау процедуралары мен бағалау критерийлерін белгілеп, жұмыс тобының мүшелері арасында міндеттерді бөледі.

Екінші бөлімде жаһандық проблемалардың негізгі түрлері: әлеуметтік және экологиялық мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерден басқа бірқатар экономикалық, саяси, азық-түлік, демографиялық, сондай-ақ басқа да мәселелер бар. Жобалық жұмыс кезінде оқушыларға зерттеу жүргізу үшін тақырыпты еркін таңдау мүмкіндігі беріледі. Оқушылар зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды.

Үшінші бөлім аясында оқушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуді, толеранттылықты, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеп, қабылдауды үйренеді. Оқушылар жобаның зерттеу міндеттерін жинап, нақтылауға және кезең-кезеңімен орындауға кіріседі.

Төртінші бөлім оқушылардың мәдени сәйкестігі мен мәдениеттердің алуан түрлілігін түсінуді қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға бағытталған. Оқушылар ақпаратты талдау, қорытындыларды жасау және жобаны рәсімдеу жұмыстарын жүргізеді.

Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Оқушылар шыққан нәтижелерді түсіндіріп, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындайды және қол жеткізілген нәтижелерге талдау жүргізеді. Олар жобалық жұмысты мұғалімге жазбаша түрде тапсырып, басқа оқушылармен өз жұмысының нәтижелерімен ауызша бөліседі.

Негізгі педагогикалық тәсілдер

Элективті курстың мазмұны коммуникативті-белсенділік, тұлғаға бағытталған тәсілдер, сонымен қатар проблемаға бағытталған оқыту қағидаттарына негізделген. Оқушылар әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, алынған ақпаратты талдайды, синтездейді және бағалайды. Олар сыни және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған пікірталастар мен талқылауларға және шығармашылық әрекеттің басқа түрлеріне қатысады.

Ресурстар

Мұғалімдерге теориялық материалдар, интернет-ресурстарға сілтемелер және әдебиеттер тізімі ұсынылады. Элективті курсты тиімді жүзеге асыру үшін проекторлары, ноутбуктері және колонкалары бар кабинеттер қажет.

Сабақты әзірлеу барысында мұғалімге оқушылардың жас ерекшеліктерін, сондай-ақ өзінің педагогикалық жұмыс тәжірибесін ескеріп, берілген ұсыныстар мен ресурстарды пайдаланған жөн.

3. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Оқушылар:

- жаһандық мәселелерді зерттейді;
- мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінеді;
- басқа адамдардың дүниетанымын қабылдайды;
- экологиялық тұрақтылықты насихаттап, сақтайды.

Оқушылардың келесі дағдылары қалыптасады:

- аналитикалық және сыни ойлау;
- мәдениетаралық коммуникация;
- икемділік;
- жанжалдарды басқару.

Оқушыларда келесі құндылықтар қалыптасады:

- ашықтық;
- құрмет;
- адалдық;
- адамның қадір-қасиеті;
- мәдени әртүрлілік.

Оқушылар келесі қабілеттерді көрсетеді:

- өзге мәдениет өкілдеріне ашықтық;
- өзге мәдениет пен мәдени айырмашылықтарды құрметтеу;
- ауқымды көзқарастар;
- жауапкершілік;
- бейімделгіштік.

4. Ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар тақырыптар, тақырыптарды меңгеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтиды. Мұғалім сағаттар санына сәйкес тақырыптарды жоспарлау кезінде тақырыптар мен оқу мақсаттарын өзгертіп, сынып ерекшеліктерін, оқушылардың жеке ерекшеліктерін және дайындық деңгейін ескеріп өзгертулер енгізе алады.

№	Тақырып	Сағаттар саны	Оқу мақсаттары <i>Оқушылардан талап етілетін әрекеттер:</i>
1-БӨЛІМ. ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР			
1	Жаһандық құзыреттер дегеніміз не	1	- жаһандық мәселені зерттеу үшін зерттеу тақырыптары мен мақсаттарын анықтау; - жаһандық мәселелерге қатысты көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру; - дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау; - альтернативті көзқарастарды қарастырып, талқылау.
2	Жаһандық құзыреттердің маңыздылығы	1	
3	Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары	1	
4	Жобалық жұмыс. Дайындық және жоспарлау	1	
2-БӨЛІМ. КЕЙБІР ЖЕРГІЛІКТІ, ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ			
5	Жаһандық проблемалардың түрлері	1	- дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау;
6	Әлеуметтік проблемалар	1	
7	Әлеуметтік теңсіздік жаһандық проблема ретінде	1	- дереккөздердің мықты және әлсіз жақтарын бағалау;
8	Әлеуметтік теңсіздік. Себептері	1	
9	Әлеуметтік теңсіздікті жеңу жолдары	1	–жаһандық мәселе бойынша жеке көзқарасты және мәселенің қалай дамығанын сипаттау;
10	Жанжалдар. Ұғымы. Түрлері	1	
11	Жанжалдарды шешу жолдары	1	
12	Экологиялық мәселелер	1	

13	Климаттың өзгеруі	1	– дәлелдерді, себептер мен мәлімдемелерді растау үшін аргументтерді зерттеу және талдау.	
14	Ауаның ластануы	1		
15	Судың ластануы	1		
16	Жердің ластануы	1		
17	Жобалық жұмыс. Зерттеу	2		
3-БӨЛІМ. ӘРТҮРЛІ ДҮНИЕТАНЫМДАР МЕН КӨЗҚАРАСТАРДЫ ТҮСІНУ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТТЕУ				
18	Дүниетанымды түсіну	1	- жаһандық мәселелерге қатысты көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру; – дәлелдерді негізгі және қосымша дереккөздерден жинау, жазу және талдау; – жеке көзқарасты негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру; - дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау; - дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру.	
19	Басқа адамның көзқарасын қабылдау қабілеті	1		
20	Өзге мәдениеттерге жататын адамдарға құрмет көрсету	1		
21	Толеранттылық: бір-бірімізді түсінуді үйренеміз	1		
22	Жобалық жұмыс. Зерттеу	2		
4-БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҚАТЫСУ				
23	Мәдени сәйкестікті қалыптастыру	1	- аргументтер, мәлімдемелер, себептер мен дәлелдердің негізгі элементтерін анықтап, бағалау; - негізгі және қосымша аргументтердің әр түрлерінің мықты және әлсіз тұстарын анықтап, бағалау; - дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру; - құрылымды сақтап, ақпарат пен аргументтер ұсыну; - одан әрі зерттеу саласын анықтау (жетілдіру жолдарын ұсыну).	
24	Өзін, өз мәдениетін және басқа мәдениеттерді танып, қабылдау	1		
25	Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі	1		
26	Мәдениетаралық қарым-қатынас	1		
27	Мәдениетаралық қарым-қатынастағы таптаурындар	1		
28	Жобалық жұмыс. Қорытындылар	2		
5-БӨЛІМ. ҰЖЫМДЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ПЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ				
29	Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығы	1		- аргумент немесе мәлімдеменің салдарын/әсерін анықтау және бағалау;
30	Жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу	1		
31	Жаһандық азаматтық	1		

32	Жобалық жұмыс. Жобаны таныстыру	2	<ul style="list-style-type: none">– жеке көзқарасты негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру;- әртүрлі презентация формаларын қолданып, жаһандық көзқарастарды ұсыну;- құрылымды сақтап, ақпарат пен дәлелдер ұсыну.
----	---------------------------------	---	---

«Жаһандық құзыреттер» элективті курсы жүзеге асыруға қатысты әдістемелік ұсынымдар

«Жаһандық құзыреттер» элективті курсы жүзеге асыруға қатысты әдістемелік ұсынымдар сабақтардың дайын әзірлемесі болып табылады. Сабақтың құрылымы оқу мақсаттарын, «жаңа материалмен танысамыз», «жағдаяттық тапсырмалар» және «жобалық жұмысты жүргізу кезеңдері» айдарларын қамтиды. Мұғалім сабақтың мазмұнын өз қалауы бойынша өзгертуге және толықтыруға құқылы.

Әдістемелік ұсыныстарды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлері Рысбекқызы Г., Водопьянова О.В., Турганалина Ж.С., Дукенова А.Д., Машинец Т.В., Бисенғалиева А.М. әзірлеген.

1-БӨЛІМ. ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

Бұл бөлімде оқушылар «жаһандық құзыреттер» ұғымын қарастырып, жаһандық құзыреттерді дамыту жолдарын талқылайды. Сондай-ақ, бұл бөлімге жобалық жұмысты жоспарлау кіреді. Оқушылар жобалық жұмыстың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау жұмысын жүргізеді. Сонымен қатар, олар қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау және жинау, нәтижелерді ұсыну тәсілдерін анықтайды. Оқушылар үшін осы тақырып бойынша түрлі мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен жағдайлар дайындалды.

1-сабақ. Жаһандық құзыреттер дегеніміз не?

Оқу мақсаттары:

- жаһандық мәселені зерттеу үшін зерттеу тақырыптары мен мақсаттарын анықтау;
- жаһандық мәселелерге қатысты көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру

Сабақ барысы

1-тапсырма. Сендер «жаһандық құзыреттерді» қалай түсінесіңдер?



**Жаңа материалмен
танысайық**

2-тапсырма. «Жаһандық құзіреттіліктер» анықтамасын оқып, салыстырыңдар, ортақ тұстарын табыңдар.

Жаһандық құзыреттер дегеніміз жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық проблемаларды зерттеу, басқа адамдардың көзқарастары мен дүниетанымын түсіну және бағалау, әртүрлі мәдениет өкілдерімен ашық, орынды және тиімді өзара қарым-қатынас, сондай-ақ ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу қабілеті (ЭЫДҰ, 2018).



Жаһандық құзыреттер дегеніміз басқа мәдени ортаға жататын адамдармен жеке немесе виртуалды қарым-қатынаста және жаһандық проблемаларды шешуге жеке тұлғалардың қатысуымен тиімді қолданылатын

білім, дағдылар, көзқарастар, қатынастар мен құндылықтардың үйлесімі (Лесев, Валеева, 2021).


Жаһандық құзыреттер дегеніміз айналадағы әлеммен өзара қарым-қатынас жасау, жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара қарым-қатынас жасау мәселелерін зерделеу, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсіну және бағалау қабілеті (Коваль, Дюкова, 2019).

3-тапсырма. Өз анықтамаларыңды ұсыныңдар.

Жаһандық құзыреттер –

4-тапсырма.

Ассоциативті картаны толтырыңдар.



5-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма

Сендер қатысатын әлеуметтік топта «Жаһандық құзыреттер не үшін қажет? Жаһандық сауатты адам деген кім?» тақырыбы талқылануда. Өз пікірлеріңді жазыңдар. Жауаптарыңды топтарда талқылаңдар.



6-тапсырма.

Жобалық жұмыс

«Жоспарлау» кезеңі. Жобалық жұмыс тақырыптарын зерттеңдер. 3-4 оқушыдан тұратын топтарда зерттеу үшін жаһандық мәселелердің түрлерін қарап шығындар. Сендер қандай жаһандық мәселелерді зерттейтіндерің туралы ойланындар.

Әлеуметтік мәселелер	«Адам-табиғат» қатынастарындағы мәселелер	«Адам-қоғам» қатынасындағы мәселе
<ol style="list-style-type: none">1. Әлеуметтік теңсіздік2. Жанжалдар3. Жастардың жағдайы4. Адам құқықтары5. Халықтың өмір сүру деңгейі және т. б.	<ol style="list-style-type: none">1. Экологиялық мәселелер2. Энергетикалық мәселелер3. Климаттық мәселелер4. Шикізат мәселелері5. Азық-түлік мәселелер және т. б.	<ol style="list-style-type: none">1. Ғылыми-техникалық прогрестің теріс салдары2. Мәдени мұра мен әртүрлілікті жеткіліксіз қорғау3. Демографиялық дағдарыс4. Аштық5. Кедейлік және т. б.

Рефлексия:

1. Мен нені үйрендім?
2. Мен нені жақсы жасадым?
3. Келесі жолы мен нені одан да жақсы істей аламын?

Ресурстар:

1. <https://research-journal.org/pedagogy/globalnye-kompetencii-ix-rol-i-znachenie/>
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/globalnye-kompetentsii-novyuy-komponent-funktsionalnoy-gramotnosti/viewer>
3. <https://resumegenius.com/blog/resume-help/soft-skills>
4. <https://kfund-media.com/ru/kryzysnye-kommunikatsyy-3-fakapa-ukraynskogo-byznesa-chast-i/>
5. <https://online.spbu.ru/yazyk-effektivnoj-kommunikacii-v-professionalnom-obshhenii/>

6. <https://www.compandben.org/services/konsalting/planirovanie-i-optimizatsiya-personala-i-hr-raskhodov-normirovanie-truda/strategicheskoe-planirovanie-personala-strategic-workforce-planning/>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Жаһандық құзыреттер <https://www.youtube.com/watch?v=u-jZG1TkVRI>
2. Жаһандық құзыреттер <http://uomotygin.ru/globalnye-kompetentcii>
3. Жаһандық мәселелер <https://skysmart.ru/articles/obshchestvoznanie/globalnie-problemi-chelovechestva>

2-сабақ. Жаһандық құзыреттердің маңыздылығы

Оқу мақсаттары:

- жаһандық мәселені зерттеу үшін зерттеу тақырыптары мен мақсаттарын анықтау;
- дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау

Сабақ барысы

1-тапсырма. Сендердің ойларыңша, жаһандық құзыреттердің маңыздылығы неде?



Жаңа материалмен
танысайық

2-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтін бойынша «жаһандық құзыреттердің маңыздылығы» атты ассоциативті карта жасандар.

Жаһандық құзыреттердің маңыздылығы

Оқушылар жаһандық құзыреттерді келесі мақсаттарда меңгеруі тиіс:

– *Көпмәдениетті қауымдастықта үйлесімді өмір сүру*

Соңғы кездері адамдардың ұтқырлығы күрт өсіп, әртүрлі қауымдастықтардың мәдени әртүрлілігі артты, ұлттық, аймақтық, муниципалды, жергілікті деңгейлерде сәйкестіктің жаңа түрлері пайда болды. Білім адамдарға көп мәдениетті қауымдастықтарда өзара қарым-қатынасты және мәдени стереотиптерге қарсы тұруды үйрете алады.

– Өзгермелі еңбек нарығында өркендеу үшін

Қазіргі уақытта кәсіби жетістік көп салалы білімді қолдануды және көзқарастары өзгеше немесе басқа тілде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынасты қажет етеді. Табысқа жету жолы – көпмәдениетті ортада тиімді қарым-қатынас жасау. Жұмыс берушілер жаңа жағдайларға оңай бейімделетін икемді адамдарды жұмысқа қабылдауға талпынуда. Қарқынды жаһандану жағдайында жөн таба алатын және әртүрлі мәдениет өкілдері үшін ашық қызметкерлер сұранысқа ие. Басқа адамдарға деген сенім мен құрмет өркендеу үшін маңызды құндылықтар болып табылады.

– Медиа платформаларды тиімді пайдалану үшін


XXI ғасырда ақпараттық технологиялар саласының адамдардың дүниетанымы мен өмір салтына ықпалы артты. Әлеуметтік желілер мен интерактивті технологиялар үлкен көлемде ақпарат беріп, жастардың әлеуметтік байланысын кеңейтеді. Оқушылар оқу үдерісінде барынша дербес болатындай оқытудың жаңа формалары пайда болып жатыр. Алайда, шексіз мөлшердегі ақпарат қолжетімді болса да, медиа сауаттылық жеткіліксіз болғандықтан, жастар біржақты немесе «жалған» жаңалықтар, түрлі алаяқ жарияланымдар мен жарнамалардың әсеріне оңай түсіп кетеді. Оқушылардың медиасауаттылық пен мәдениетаралық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту оларға қауіп-қатерден сақ болуға, Интернеттегі ақпаратты жақсы түсініп, сыни талдау жасауға көмектеседі.

- Тұрақты даму мақсаттарын қолдау үшін

Халықаралық зерттеу жаһандық азаматтық идеяларына негізделген. Жаһандық азаматтық идеясы дегеніміз – Жер адамзаттың ортақ мекені және оның болашағы әркімнің ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты даму саласындағы күш-жігеріне байланысты деген этикалық түсінік. Өзара байланысты әлемдегі білім беру жаһандық проблемаларды түсінетін және тұрақтылық пен ұжымдық әл-ауқатты қамтамасыз етуге үлес қоса алатын азаматтарды қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

3-тапсырма.

Жаһандық құзыретті адам қандай болуы керек? Қысқаша сипаттамасын жазындар. Жаһандық сауатты адам болу үшін сендер не істеулерің керек?



4-тапсырма.

4 топқа бөлініп, келесі тұжырымдарды қалай түсінетіндерінді талқылаңдар. Өмірлік жағдайлардан мысалдар келтіріңдер:

1. Көпмәдениетті қоғамдағы үйлесімді өмір
2. Өзгермелі еңбек нарығында табысты болу
3. Медиа платформаларды тиімді пайдалану
4. Тұрақты даму мақсаттарын қолдау

5-тапсырма.

Жұптық жұмыс Сұрақтарды талқылаңдар.

1. Қандай мәселелер әлеуметтік-мәдени мәселелерге жатады? Бір мысал мен бір шешім келтіріңдер.
2. Жастар жұмыс іздеген кезде қандай мәселелерге тап болуы мүмкін? Бір мысал мен бір шешім келтіріңдер.
3. Жалғанды шынайы фактіден қалай ажыратуға болады? Бұл жерде сендерге не көмектеседі?

6-тапсырма.

**Жағдаяттық
тапсырма**

Сендер келесі жағдайларда қалай әрекет етер едіңдер? Аргументтер келтіріңдер.

1. Сен оқитын топқа Ұлыбританиядан алмасу бағдарламасы бойынша студент келді деп елестет. Оқытушы сенен оған университетті көрсетуді сұрады. Бірақ сен ағылшын тілін нашар білесің. Сен ондай жағдайда не істейсің және неліктен олай істейсің?
2. Сен заңгер болғың келеді. Бірақ сенің аймағыңда заңгер көп. Сен университет бітіргенше, олардың саны одан да көп болады. Еңбек нарығында табысты болу үшін саған тиімді шешім қабылдау керек пе? Сен өз мамандығыңда қаласың ба әлде оны сұранысқа ие мамандыққа ауыстырасың ба? Өз жауаптарыңа дәлелдер келтір.
3. Бертін уақытта сенің электрондық мекен-жайларыңа сілтемелері бар күдікті хаттар келе бастады. Ондай хаттармен не істейсің?

7-тапсырма.

Жобалық жұмыс

«Жоспарлау» кезеңі. Өткен сабақта сендер жобалық жұмысқа арналған тақырыптарды зерттедіңдер. 3-4 оқушы топтарыңда зерттеу үшін бір жаһандық проблеманы таңдаңдар. Таңдауларыңды түсіндіріңдер. Кестені толтырыңдар.

Жаһандық проблема	Мәселенің өзектілігі	Зерттеу мақсаты
<i>Сендер қандай жаһандық мәселені таңдадыңдар?</i>	<i>Біз неліктен бұл мәселені таңдадық?/ Ол неліктен өзекті?</i>	<i>Сендердің зерттеулеріңнің мақсаты неде?</i>

Рефлексия:

Жұптық жұмыс Бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.

1. Сен нені үйрендің?
2. Сен үшін не қызықты болды?
3. Келесі сабақта нені білгің келеді?

Ресурстар:

1. https://fioco.ru/Media/Default/Documents/%D0%9C%D0%A1%D0%98/%D0%93%D0%9A%20PISA-2018_.pdf
2. <https://www.pinterest.com/pin/402790760428994523/>
3. <https://ru.rayhaber.com>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. What is Global Competence?
<https://www.youtube.com/watch?v=H4zmDetQFSs>
2. What are the Global Competencies?
<https://www.youtube.com/watch?v=7ld6jjFXvDI>

3-сабақ. Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары

Оқу мақсаттары:

- дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау;
- альтернативті көзқарастарды қарастырып, талқылау.

Сабақ барысы

1-тапсырма. Сендердің ойларыңша, жаһандық құзыреттерді қалай дамытуға болады?

Жаңа материалмен
танысайық



2-тапсырма. Мәтінді оқып, жаһандық құзыреттерді дамыту жолдарын талдаңдар.

Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары

Әлемді терең түсіну жаһандық құзыреттіліктің негізі болып табылады. Оқушылар тәртіптік және пәнаралық көзқарастарға негізделген әлемнің құрылысы туралы хабардарлық пен қызығушылық арқылы жаһандық құзыреттілікті көрсетеді. Жаһандық құзыреттерді дамыту үшін оқушылар келесі әрекеттерді орындай алады:

1. Қоршаған ортадан тыс әлемді зерттеу, елеулі проблемаларды талдап, жақсы ойластырылған және жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін зерттеулер жүргізу.
2. Өзінің де, өзгелердің де көзқарастарын танып білу, сол көзқарастарды парасатпен және құрметпен айтып түсіндіру.
3. Географиялық, тілдік, идеологиялық және мәдени кедергілерді біріктіріп, идеяларды әртүрлі топтарға тиімді жеткізу.
4. Өздерін өз елі мен әлемнің белсенді азаматтары ретінде сезініп, жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге рефлексивті түрде қатысу арқылы жағдайды жақсартатын шаралар қолдану.

Жоғарыда аталған төрт қабілеттің әрқайсысын жеке зерттеу маңызды болса да, жаһандық құзіреттілік тәуелсіз дағдылар жиынтығы ретінде емес, әлемге кіріктірілген көзқарас ретінде қарастырылады.

Суретте жаһандық құзыреттілік өлшемдерінің қарқынды өзара әрекеттесуі бейнеленген:



3-тапсырма. Тақырыптар мен сипаттамаларды оқыңдар. Оларды байланыстырыңдар.

Әлемді зерттеу

- Мәселені анықтап, сұрақтар қойындар және оның мағынасын түсіндіріңдер.
- Тиісті дәлелдерді анықтап, өлшеу үшін әртүрлі тілдерді, дереккөздерді және бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану.
- Келісілген жауаптарды құрастыру үшін дәлелдерді талдау, біріктіру және синтездеу.
- Сендірерлік дәлелдемелерге негізделген дәлелдер дайындау және негізделген қорытынды жасау.

Көзқарастарды танып білу

- Өз көзқарасын мойындап, білдіру және сол көзқарасқа әсерді анықтау.
- Басқа адамдардың көзқарастарын зерттеп, оларға не әсер еткенін анықтау.
 - Мәдени өзара әрекеттестіктің әсерін түсіндіру.
 - Білім, технологиялар және ресурстарға сараланған қолжетімділік өмір сапасы мен перспективаға әсерін тұжырымдау.

Идеяларды тиімді жеткізу

- Жағдайды жақсартуға бағытталған жеке немесе бірлескен әрекеттерді анықтап, жағдайлар жасау.
- Нұсқаларды бағалап, іс-әрекеттерді нақты деректерге сүйеніп және ықтимал қауіп-қатерлер негізінде жоспарлау.
- Жақсартуға өз үлесін қосу үшін жеке немесе бірлесіп шығармашылық және этикалық түрде әрекет ету және жасалған әрекеттердің ықпалын бағалау.
- Жақсартуға ықпал ету және оларды жетілдіру мүмкіндіктері туралы ойлау.

Шаралар қолдану

- Әртүрлі топтардың мағынаны қалай қабылдайтынын және оның қарым-қатынасқа әсерін ажырата және көрсете білу.
- Әртүрлі адамдарды тыңдап, олармен тиімді қарым-қатынас жасау.
 - Әртүрлі топтармен қарым-қатынас жасау үшін қолайлы технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарын таңдап, пайдалану.
 - Өзара тәуелді әлемде тиімді қарым-қатынас жасаудың түсіністік пен ынтымақтастыққа әсері туралы ойлану.

4-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма

Сәйкес дағдыны атап өтіңдер – «Әлемді зерттейді», «Көзқарастарды танып біледі», «Идеяларды тиімді жеткізеді» немесе әрбір жағдайға қатысты «Шаралар қолданады»

Жағдаят	Идеяларды тиімді жеткізеді	Көзқарастарды танып біледі	Әлемді зерттейді	Шаралар қолданады
1. Алмас пен Айнұр «Қазақстандағы су мәселелері» тақырыбына жоба дайындауда. Олар әртүрлі дереккөздерді талдап, қолайлы ресурстарды таңдайды.				
2. Оқушылар өз жобаларын аудиторияға ұсынып, қорғайды.				
3. Олар осы мәселе бойынша басқа оқушылардың пікірлерін зерттеп, дәлелдер дайындайды.				
4. Оқушылар аймақтағы суды сақтау жолдары туралы ақпараттық кітапшалар дайындайды.				
5. Оқушылар басқа адамдардың пікірін мұқият тыңдап, қорытынды жасайды.				

5-тапсырма.

Жобалық жұмыс

«Жоспарлау» кезеңі: Зерттеудің негізгі әдістері туралы мәтінді оқындар. Ресурстар мен қосымша материалдардан осы әдістер туралы көбірек оқып біліңдер. Бұл әдістерді топтарда талқылаңдар. Жобалық жұмыстарың үшін ең қолайлы зерттеу әдісін таңдаңдар.

Дұрыс зерттеу әдіснамасын таңдау зерттеу жұмысының нәтижесі мен жалпы сапасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан бастапқы кезеңде дұрыс қадамдар жасаған өте маңызды.

Сандық зерттеу

Зерттеудің бұл түрінде жиналған мәліметтер әдетте теориялар мен болжамдарды растау үшін сандар мен графиктерде көрсетіледі. Жиналған деректер тақырыпқа қатысты нақты ақпарат болып табылады.

Сапалық зерттеу

Бұл әдіс сұхбат, фокус-топтармен жұмыс істеу, тақырыптық зерттеулер, дискурс-талдау және әдебиетті шолу арқылы адамдардың ойларын, идеяларын немесе тәжірибелерін зерттеу мақсатында қолданылады. Бұл негізінен ойлар мен тәжірибелер туралы мәліметтер жинау мақсатында жүргізілетін сауалнама.

Зерттеудің сандық және сапалық әдістері деректерді әртүрлі тәсілдермен жинауға, әртүрлі зерттеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Сандық зерттеу	Сапалық зерттеу
Теориялар мен гипотезаларды тексеруге аса назар аударылады	Идеяларды зерттеуге және теорияны немесе болжамды тұжырымдауға аса назар аударылады.
Математикалық және статистикалық талдау арқылы талдау	Жалпылау, категориялау және түсіндіру арқылы талдау
Негізінен сандар, графиктер және кестелер түрінде ұсынылған	Көбінесе сөздермен келтіріледі
Жауап берушілер саны көп болу керек	Жауап берушілер саны аз болу керек
Жабық сұрақтар (көпнұсқалы жауаптары бар сұрақтар)	Ашық сұрақтар
Тірек сөздер: тестілеу, өлшеу, объективтілік	Тірек сөздер: түсіну, контекст, кешенділік, субъективтілік

Рефлексия:

Сұрақтарға жазбаша түрде жауап беріңдер.

1. Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары туралы не білдіңдер?
2. Зерттеудің негізгі әдістері туралы не білдіңдер? Жоба үшін қандай әдісті және неліктен таңдадыңдар?

Ресурстар:

1. <https://asiasociety.org/files/book-globalcompetence.pdf>
2. <http://russian-science.info/kak-vybrat-metody-dlya-vashego-issledovaniya>
3. <https://pngtree.com/freepng/get-the-success-web-banner-concept-businessman-run-through-column-by-column-to-win-the-trophy-of-their>

[success-achievement-partnership-leadership-successful-teamwork-flat-vector-illustration_5335870.html](https://www.shutterstock.com/illustration/success-achievement-partnership-leadership-successful-teamwork-flat-vector-illustration_5335870.html)

4. <https://ru.surveymonkey.com/mp/quantitative-vs-qualitative-research/>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Qualitative and Quantitative Research
https://www.youtube.com/watch?v=69qP8kFJp_k
2. Quantitative vs. Qualitative Research: The Differences Explained
<https://www.youtube.com/watch?v=a-XtVF7Bofg>

4-сабақ. Жобалық жұмыс. Дайындық және жоспарлау

Оқу мақсаттары:

- дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау;
- жаһандық мәселелерге қатысты көзқарастарды анықтау, сипаттау және сыни салыстыру

1-тапсырма.

Әдебиетке шолу дегеніміз не?

Жұпта талқылаңдар.

2-тапсырма.

Мәтінді оқыңдар.



**Жаңа материалмен
танысайық**

Әдебиетке шолу

Әдеби шолу – автор немесе зерттеуші оқырмандарды зерттеу мәнмәтінімен және/немесе оның теориялық негізімен таныстыратын зерттеу бөлігі. Әдеби шолуда зерттеу тақырыбына сәйкес келетін әдебиет қарастырылып, дәл осы әдебиетті таңдау негізделгені маңызды.

Әдебиетке шолу не үшін қажет?

Ғылыми жұмыстағы әдебиетке шолу басқа зерттеушілердің тәжірибесін көрсету және таңдалған тақырыпты зерттеудегі олқылықтарды анықтау үшін қажет. Сонымен қатар, әдебиетке шолу жүргізудің мақсаты – авторға өзекті мәселеге қатысты ғылыми білімге үлес қосып, білімді арттыруға мүмкіндік беру. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиетке ғылыми шолу келесі мақсаттарда қажет:

- материалдарды талдау және мәселеге жаңа көзқарас қалыптастыру;
- зерттеу нәтижелері бойынша қорытындыларды талдау;
- зерттеудің басқа зерттеулерден айырмашылығын, яғни ғылыми үлесін көрсету;
- жүргізіліп жатқан зерттеудің өзектілігін тұжырымдау;
- мәселенің маңыздылығын негіздеу;
- тиісті мәселелерге қатысты терминологияны меңгеру;
- мәселені зерттеу үшін қолданылатын негізгі зерттеу әдістерін анықтау.

3-тапсырма.

Топта өздерің таңдаған тақырып бойынша 3-4 дереккөзге шолу жасаңдар.

1. Таңдалған мәселеге қатысты әдебиетті оқып шығыңдар.
2. Сендердің жобалық жұмыстарыңа сәйкес келетін негізгі ақпаратты таңдаңдар.
3. Фактілер мен көзқарастарды салыстырыңдар.
4. Әдебиетке қысқаша шолу жазыңдар.
5. Ағымдағы дәйексөз ережелерін қолданып мәтін құрастырыңдар.

Ресурстар:

1. <https://www.istockphoto.com/vector/reading-small-people-characters-doing-various-tasks-around-big-book-concept-gm1148772269-310333298>
2. <https://school.hse.ru/>
3. <https://sibac.info/blog/obzor-literatury-po-teme-issledovaniya>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Әдеби шолуды қалай жазуға болады?
<https://www.youtube.com/watch?v=uR9Hp3cSGQo>
2. Әдеби шолу және статистикалық талдау
<https://www.youtube.com/watch?v=NnrogcALuto>

2-БӨЛІМ. КЕЙБІР ЖЕРГІЛІКТІ, ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАҒЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ

Бұл бөлімде жаһандық мәселелердің негізгі түрлері: әлеуметтік және экологиялық мәселелер қарастырылады. Оқушылар үшін сыни және аналитикалық ойлауды, қарым-қатынас жасау дағдыларын және мәселелерді шешу дағдыларын дамыту үшін түрлі тапсырмалар дайындалды. Жобалық жұмыс жүргізу барысында оқушылар деректерді жинау және талдау арқылы зерттеулер жүргізеді.

5-сабақ. Жаһандық мәселелердің түрлері

Оқу мақсаттары:

- жаһандық мәселе бойынша жеке көзқарасты және мәселенің қалай дамығанын сипаттау;
- дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау.

Сабақ барысы

1-тапсырма.

Жұптық жұмыс «Қазіргі әлемде қандай жаһандық мәселелер бар?» сұрағын талқылаңдар.

Жаңа материалмен
танысайық



2-тапсырма.

Мәтінді оқып, мәтін бойынша «Жаһандық мәселелер» атты ассоциативті карта жасаңдар.

Жаһандық мәселелер

Жаһандық мәселелердің күрделі болып бара жатқаны қазіргі қоғамның ерекшеліктерінің бірі болып табылады. 20 ғасырдың ортасына дейін саяси тұрғыдан қарағанда жаһандық мәселелер ұғымы болған жоқ. Адамның іс-әрекеті мен Жер бетіндегі тіршілікті сақтап отырған орта биосфераның жағдайы арасындағы байланыс тек философиялық жалпылау деңгейінде ғана талқыланған болатын. Орыс ғалымы В. И. Вернадский ғана адамның іс-әрекеті табиғи және геологиялық күштердің ауқымымен бірдей болды деген идеяны ұсынды. Қаншалықты сенгісіз болса да, бүкіл өркениет жаһандық әлеуметтік-экономикалық апатқа қарай кетіп барады. Бұл фактіні әлемдегі ірі

мемлекеттердің басшылары 1992 жылдың жазында Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ Қоршаған орта және даму конференциясында мойындады.

1960 жылдардың соңында халықаралық қолданысқа енген «жаһандық мәселелер» термині латынның «глобус» (жер) сөзінен шығып, үш мағынаны білдіреді: «барлық елдер мен халықтарды қамтитын, бүкіл жерді қамтитын, әмбебап әрі ауқымды».

Жаһандық мәселелер дегеніміз – ол бүкіл әлемге, адамзатқа әсер ететін, оның бүгінгі күні мен болашағына қауіп төндіретін және барлық елдер мен халықтардың бірлескен күш-жігерін талап ететін мәселелер.

Жаһандық мәселелерді талдауды ғылыми типологиясыз елестету мүмкін емес. Жаһандық проблемалардың әртүрлі жіктелімдері бар. Әр түрлі ақпарат көздеріне сүйенетін болсақ, олар 8-10-нан 40-45-ке дейін жетеді, сондықтан оларды 45 минут ішінде талқылау мүмкін емес. География оқулығының авторы Максаковский ұсынған жаһандық мәселелердің жіктелуіне назар аударайық.

Жаһандық мәселелердің типтері

1. әмбебап мәселелер. Ең «әмбебап» саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелер (ядролық соғыстың алдын алу және бейбітшілікті қолдау, әлемдік қоғамдастықтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оның реттілігі мен басқарылуын арттыру).

2. табиғи және экономикалық мәселелер. Көбінесе табиғи және экономикалық мәселелер (қоршаған орта, қуат көзі, шикізат, азық-түлік, мұхиттар).

3. әлеуметтік мәселелер. Негізінен әлеуметтік мәселелер (демография, этносаралық қатынастар, мәдени және моральдық дағдарыс, демократия мен денсаулық сақтаудың болмауы, лаңкестік).

4. аралас мәселелер. Шешпесе, көптеген адамдардың өліміне әкелетін күрделі мәселелер (мысалы, аймақтық қақтығыстар, қылмыстар, техногендік апаттар, табиғи апаттар)



3-тапсырма.

Топтарда (3-4 оқушыдан) келесі сұрақтарды талқылаңдар:

- Ғаламдық ауқымдағы мәселелер неліктен туындайды?
- Жаһандық мәселелердің себептері қандай?
- Оларды жеңудің қандай жолдары бар?

4-тапсырма.

Топтарда кестені толтырындар. Сипаттама жоспарын қолданып, үш жаһандық проблеманы талдаңдар. Кестеде талдау үлгісі берілген.

Жаһандық мәселелерді сипаттау жоспары:

1. Жаһандық мәселе.
2. Мәселенің болуының дәлелдері.
3. Шешу жолдары.



Жаһандық мәселе	Мәселенің болуының дәлелдері.	Шешу жолдары
<i>Бейбітшілік пен қарусыздану, ядролық соғыстың алдын алу мәселесі.</i>	<i>Әлемде жаппай қырып-жою құралдарын жинақтау.</i>	<i>Қарусыздану. Қарусыздануды бақылау. Бейбіт шарттар.</i>
1.		
2.		
3.		

5-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма

Сендер келесі жағдайларда қалай әрекет етер едіңдер? Дәлелдер келтіріңдер.

1. Сен көпқабатты үйде тұрасың. Байқағаныңдай, көршілеріңнің бірі камерасы жоқ кіреберіс пен аулаға қоқыс тастап кетеді. Сен бұл жағдайда не істейсің және неге?
2. Сен халықаралық университеттің студентісің. Сен топ старостасы болып тағайындалдың. Топта әртүрлі мәдениеттердің өкілдері бар. Студенттердің онлайн чатында кейде студенттер арасында түсініспеушілік туындайды. Сен өз тобыңа өзара сыйластықты, толеранттылықты және ұйымшылдықты сақтауға қалай көмектесер едің?

6-тапсырма.

Жобалық жұмыс

«Жоспарлау» кезеңі: Жобалық жұмыстың негізгі кезеңі – мәселені анықтап, тұжырымдау. Мәселені анықтау және оны тұжырымдау туралы мәтінді оқындар. Топтарда мәселелерді талқылап, анықтаңдар және тұжырымдандар.

Мәселені қалай дұрыс тұжырымдау керек?

Бұл сұрақ өзекті, өйткені дұрыс тұжырымдалмаған мәселелер жалпы тұжырымдарға немесе айқын тұжырымдарға әкелуі мүмкін. Ондай жағдайда талдау жүргізу мүмкін болмайды.

1. Мәселе дәл қазіргі бар мәселе – «белгілі бір кезең өткеннен кейін пайда болатын» емес, бұрыннан бар мәселе болу керек. Жұмыстың келесі кезеңінде ұсынылып отырған мәселе болжамды мақсатқа айналады, оған дәл қазір қол жеткізетін жағдайлар жоқ, ал сыртқы жағдайлар өзгеруі мүмкін, сондықтан жоспарланған жұмыс қажет болмай қалады.



2. Тұжырымдама нақты және шынайы болу керек: жалпы сөздерді қолданбай, мүдделі тараптарға қазіргі жағдай сендерге не себепті сәйкес келмейтінін және нені өзгерткілерің келетінін (және өзгерте алатындарыңды) түсінуге тырысыңдар.

3. Тым жалпы, жаһандық мәселені алмаған жөн («қоғамның руханиятсыздығы», «ғаламдық жылыну» және т.б.).

4. Тұжырымдамада тек бір мәселе болу керек. Тұжырымдамада бірнеше мәселе бар екенін «себебі...» немесе «ол үшін» деген сөздерден білуге болады. *Мысал: «Тұрғындар бұл спорт орталығына онда бассейн болмағандықтан барғысы келмейді» деген проблеманы: «Тұрғындар бұл спорт орталығына барғысы келмейді» және «бассейн жоқ» деген екі проблемаға бөлу керек.*

5. Тым көп сипаттама бермеңдер.

6. Мәселелер қайталанбау керек. Екі мәселенің мағынасы бір-біріне ұқсас болса, оларды біріктіру керек, ал талқылауға қатысушылар келіспесе, мәселелер арасындағы айырмашылық айқын болғанға дейін тұжырымдаманы нақтылау қажет.

Рефлексия:

Сұрақтарға жұпта жауап беріндер:

1. Жаһандық мәселелер қай елдер үшін өзекті? Неліктен?
2. Біздің заманымыздың қандай әлеуметтік мәселелерін ең өзекті деп санайсыңдар? Неліктен?

3. Мәселені белгілеу туралы не білдіңдер?

Ресурстар:

1. <https://stock.adobe.com/images/planet-earth-and-deforestation-global-problems-vector-illustration/272949867>
2. <https://www.freepik.com/free-photos-vectors/global-problems>
3. <https://infourok.ru/konspekt-uroka-po-geografii-na-temu-globalnie-problemi-chelovechestva-klasse-394718.html>
4. <https://www.istockphoto.com/photos/world-problems>
5. <https://econ.wikireading.ru/44414?ysclid=l6chw01ah1934858232>
6. https://as2.ftcdn.net/v2/jpg/03/10/69/47/1000_F_310694723_tJ7S1v4oYVO61FICD2O6KNXXwtJQUQXE.jpg

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Ғылыми проблеманың мәні. https://studbooks.net/585374/filosofiya/sut_nauchnoy_problemy#82
2. Зерттеу мәселесін белгілеу. <https://sibac.info/blog/postanovka-problemy-issledovaniya?ysclid=l6ci0dbv7r37140884>

6-сабақ. Әлеуметтік мәселелер

Оқу мақсаттары:

- жаһандық мәселе бойынша жеке көзқарасты және мәселенің қалайша дамығанын сипаттау;
- дереккөздердің мықты және әлсіз жақтарын бағалау

Сабақ барысы

1-тапсырма.

Жұпта келесі сұрақтарға жауап беріңдер: «Қазіргі әлемде қандай әлеуметтік мәселелер бар? Сендердің ойларыңша, Қазақстанда қандай мәселелер аса өзекті болып табылады?».



**Жаңа материалмен
танысайық**

2-тапсырма.

Мәтінді оқып, мәтін бойынша «Жаһандық әлеуметтік мәселелер» атты ассоциативті карта жасандар.



Жаһандық әлеуметтік мәселелер

Баспанасыздық – адамзаттың жаһандық мәселелерінің бірі, ол әлемнің көптеген тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігінің болмауынан және жаһандық, аймақтық және жергілікті маңызы бар әртүрлі субъективті және объективті себептерден туындайды. Баспанасыздық созылмалы немесе жағдаяттық болады; ерікті немесе амалсыздан болуы мүмкін.

Жұмыссыздық – жұмыс істей алатын және жұмыс істегісі келетін бірақ жұмыс таба алмайтын экономикалық белсенді халық пайызы. Жұмыссыздық деңгейі жұмыссыздар санын жұмыс күшінің жалпы санына бөлу арқылы есептеледі. Зейнеткерлер, мүгедектер және жұмыс істеуге қабілетті, бірақ бала күтімі, жоғары білім алу себебінен жұмыс іздемейтін адамдарды қоспағанда, жұмыс істеуге дайын адамдарды жұмыс күші деп атаймыз. Жұмыссыздық әртүрлі себептермен туындайды, мысалы, компаниядағы жұмысшылар санының азаюы немесе белгілі бір кәсіптерді жоғары дамыған машиналармен алмастыру.

Сауатсыздық – мәдени, білім беру немесе рухани жағдайларға, оның ішінде толық сауатсыздыққа байланысты адамдардың оқи және жаза алмауы. 2003 жылы бүкіл әлемдегі сауатсыз адамдар саны 862 миллионды құрады. Гамбург университетінің (Германия) зерттеуіне сәйкес, 2011 жылы функционалды сауатсыз адамдардың үлесі шамамен 14% (7,5 миллион адам) болған.

Гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізу одан да қиын, өйткені қазіргі уақытта әлемдегі ересектердің шамамен 17%-ы сауатсыз, олардың үштен екі бөлігі әйелдер. Шамамен 67,4 миллион бала мектепке бармайды және болашақта үлкен мәселелерге тап болуы мүмкін, өйткені олар сауатсыздықтың себебі болып табылатын негізгі білім ала алмайды. Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО бүкіл әлемдегі сауатсыздық деңгейін төмендетуге түрлі әрекеттер жасауда.

3-тапсырма.

Топта жұмыс істеу. Кестені толтырыңдар.

Сипаттама жоспарын қолданып, үш әлеуметтік мәселені талдандар. Кестеде талдау үлгісі берілген.

Әлеуметтік мәселені сипаттау жоспары:



1. Әлеуметтік мәселе.
2. Мәселенің болуының дәлелдері.
3. Шешу жолдары.

Әлеуметтік мәселе	Мәселенің болуының дәлелдері	Шешу жолдары
<i>Мысалы: Баспанасыздық</i>	<i>Көшеде баспанасыздардың болуы</i>	<i>Баспанасыздарға баспана ашу Оқыту және жұмысқа орналастыру</i>
1.		
2.		
3.		

4-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма

**Сендер келесі жағдайларда қалай әрекет етер едіңдер?
Дәлелдер келтіріндер.**

1. Сенің жұмысың бар, ал сенің досың жұмыссыз. Ол 1 жыл бойы жұмыссыздық үшін жәрдемақы алып жүр, бірақ әлі жұмыс таба алмады. Сен досыңның әлі жұмыс таппағанына таң қаласың. Жақында ол сенен ақша сұрауға келді, бірақ сен оған ақша бергің келмеді. Ол көбірек ақша тапқысы келсе, оған жұмыс табу керек деп ойлайсың.



2. Сен мұғалімсің және мектепте бір оқушының басқа оқушыларды мазақ ететінін көресің. Сен оқушының ата-анасымен сөйлесіп, балалардың мінез-құлқын өзгерте алатыныңды білгің келеді. Баланың ата-анасы баланы керемет және өзін жақсы ұстайды деп санайды. Сен ондай жағдайда не істейсің және неліктен олай істейсің?

5-тапсырма.

Жобалық жұмыс

«Зерттеу» кезеңі: мақсат пен міндеттерді тұжырымдау және жоспар құру туралы мәтінді оқындар. Топтарда жобаның мақсаттарын, міндеттерін және жоспарын талқылап, тұжырымдаңдар.

Зерттеу

Зерттеу кезеңінде сендер нақты зерттеушілер болып табыласыңдар. Кез-келген зерттеуші сияқты, сендерге жоба бойынша жұмыс жүргізу барысында сұрақтар қоюға, мәселелерді тұжырымдауға, болжамдар жасауға және оларды растауға немесе жоққа шығаруға болады. Сендерге әртүрлі дереккөздерден ақпарат іздеп, әртүрлі зерттеу әдістерін қолдану қажет болуы мүмкін. Нағыз зерттеуші өз сұрақтарына жауаптарды іздей біледі. Әрбір зерттеудің өз тақырыбы бар.

Зерттеу объектісі – мәселелік жағдайды тудыратын және зерттеу объектісі ретінде таңдалған үдеріс немесе құбылыс.

Зерттеу тақырыбы – бұл зерттеу объектісінің аясындағы нәрсе. Зерттеу тақырыбы объектіге қарағанда шағын ұғым. Бұл объектінің бөлігі және элементі болып табылады.

Зерттеу логикасы.

1. Таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу.
2. Зерттеудің мақсаты мен нақты міндеттері.
3. Зерттеу тақырыбы мен мәнін анықтау.
4. Зерттеу әдісін (әдіснамасын) таңдау.
5. Болжам жасау.
6. Зерттеу дизайнын құру.
7. Зерттелетін болжамды тексеру. Зерттеу үдерісін түсіндіру.
8. Зерттеу нәтижелерін қалыптастыру.
9. Қорытындыларды тұжырымдау және шыққан нәтижелерді бағалау.
10. Табылған шешімдердің қолданылу аясын анықтау.

Зерттеу үдерісінің негізгі барысы:

- Мәселені белгілеу.
- Фактілерді жинау.
- Алынған мәліметтерді жүйелеп, талдау.
- Болжамдар жасау.
- Болжамды тексеру.
- Болжамды дәлелдеу немесе жоққа шығару.

Зерттеу әдістері: әдебиетті талдау, Интернеттен ақпарат іздеу, сауалнамалар (сауалнама, сұхбат), бақылаулар, эксперименттер.

Рефлексия:

Сұрақтарға жұпта жауап беріндер:

1. Сен нені үйрендің?
2. Сен үшін не қызықты болды?
3. Келесі сабақта нені білгің келеді?

Ресурстар:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B5%D0%B7%D0%B4%D0%BE%D0%BC%D0%BD%D1%8B%D0%B5>
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D1%88%D0%BD%D0%B5%D0%B5_%D0%BD%D0%B0%D1%81%D0%B8%D0%BB%D0%B8%D0%B5
3. <https://obrazovaka.ru/obschestvoznanie/globalnye-problemy-sovremennosti-puti-resheniya.html>
4. <https://www.dreamstime.com/illustration/members-working.html>
5. <https://cdn5.vectorstock.com/i/1000x1000/60/39/effective-business-team-office-group-work-vector-34356039.jpg>
6. <https://www.vectorstock.com/royalty-free-vector/colleagues-work-on-project-together-vector-19146182>
7. https://en.islcollective.com/preview/201212/f/social-problems-role-play-role-plays-drama-and-improvisation-activities_39376_1.jpg
8. <https://cdn4.vectorstock.com/i/1000x1000/94/78/team-brainstorming-success-managers-vector-32269478.jpg>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. <https://infourok.ru/metod-rekomendacii-po-proektam-3432615.html?ysclid=16i8soqd2n638004655>

7-сабақ. Әлеуметтік теңсіздік жаһандық мәселе ретінде


Оқу мақсаттары:

- жаһандық мәселе бойынша жеке көзқарасты және мәселенің қалай дамығанын сипаттау;
- дереккөздердің мықты және әлсіз жақтарын бағалау.

Сабақ барысы

1-тапсырма.

Жұпта «теңсіздік» ұғымына қатысты сөздер қатарын жасаңдар. Сөздер қатарын «Судағы шеңберлер» түріндегі сатылы ұйымдастырушы түрінде жасаңдар. Ортасына ең маңызды, ал шеткері жерлеріне аса маңызды емес тұжырымдарды жазыңдар.




Жаңа материалмен
танысайық

Мәтінді оқып, мәтін бойынша «Әлеуметтік теңсіздік» атты ассоциативті карта жасандар.

Глоссарий:

Саралау	қоғамды төменгі, орта және жоғары топтарға (таптарға) бөлу арқылы көрсетілген жіктелім. Саралаудың экономикалық, саяси және кәсіби түрлері болады.
Стратификация (страта – саты)	бұл қоғамның әртүрлі сатыларда топтарға бөлінуі.
Әлеуметтік теңсіздік	Мұраға берілетін құқықтары мен міндеттері бар тұйық әлеуметтік топ.
Эгалитаризм	Адам тек туу құқығы бойынша мүшесі болатын әлеуметтік топ.
Страта	Адамдар ақша, байлық, билік сияқты әлеуметтік игіліктерге бірдей қол жеткізе алмайтын жағдайлар.
Құлдық	Жеке шаруашылық негізінде жеке меншікті қайта бөлуге және теңдеуді көздейтін утопиялық теория.
Каста	Қоғамды таптың сатыларға бөлу.
Тап	Қоғамның әлеуметтік сатысындағы орналасуымен ерекше болып табылатын адамдардың үлкен тобы.
Қоғамның әлеуметтік құрылымы	Қоғамның белгілі бір нормалармен реттелген ішкі құрылымы.
Әлеуметтік топ	ортақ мүдделермен біріккен индивидтердің қандай да бір жиынтығы. Әлеуметтік топтардың бөлінісі: 1) саны бойынша (үлкен және кіші). Шағын топтар – отбасы, сарбаздар взводы, бір сынып оқушылары, жұмысшылар бригадасы. Үлкен топтар – ұлттар, зейнеткерлер, бюджеттік қызметкерлер, көп балалы отбасылар. 2) өзара әрекеттестікті ұйымдастыру және реттеу тәсілі бойынша (ресми және бейресми). Ресми – партиялар. Бейресми – қызығушылық бойынша. 3) өзара қарым-қатынастар бойынша (мәртебелік топтар – класстар, таптар).

Әлеуметтік теңсіздік – қоғамның тапшы ресурстарының (ақша, билік, білім және бедел) әртүрлі әлеуметтік топтар арасында біркелкі бөлінбеуі. Әлеуметтік теңсіздік алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бері пайда болды.



Әлеуметтік теңсіздік критерийлері:

- А) К. Маркс: ең маңызды критерий – адамның меншікке ие болуы және табыс деңгейі;
- Б) М. Вебер: субъектінің саяси партиялар мен билік қатарында болуы;
- В) П. Сорокин: теңсіздіктің басты себебі – қоғамдағы құқықтар, міндеттер және артықшылықтардың біркелкі бөлінбеуі.

Стратификация жүйесінің негізі адамдардың әлеуметтік теңсіздігі деп саналады. Әлеуметтік стратификация мәселесі әлеуметтануда өзекті болып, пікірталастар тудырады. Бұл мәселемен көптеген ғалымдар, оның ішінде К. Маркс, М. Вебер, П.Сорокин және басқалары да айналысқан.

Зерттеу барысында олар әлеуметтік стратификация критерийлерін анықтады, олар: табыс, білім, билік, бедел.

Стратификацияның тарихи формаларын қарастырсақ, әлеуметтік мобильділігі төмен және таптар, касталар, құлдық сияқты әлеуметтік құрылымы бар жабық қоғамды, сондай-ақ әлеуметтік мобильділігі жоғары және қоғамның таптық құрылымы бар ашық қоғамды көрсетуге болады.

Осылайша, қоғам бірнеше негіздер бойынша әлеуметтік теңсіздікті көбейтіп, ұйымдастырады:

- * байлық деңгейі бойынша,
- * әлеуметтік бедел бойынша,
- * саяси биліктің болуы және т. б. бойынша.

- Басқа халықтардың қадір-қасиетін кемсітетін адам шын мәнінде мәдени және білімді адам бола алмайды.


Басқа халықтардың құндылықтары мен дәстүрлеріне құрметсіздік ұлтаралық шиеленістерге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, өздерінің артықшылығын сезетін адамдар, ең алдымен, өздерін жаңа білім мен тәжірибеден айырады. Басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасап, өмірімізді қызықты және жарқын етіп, байыта аламыз, өйткені басқа ұлттардың мәдениетін, дәстүрлерін, менталитетін танып білу – өте қызықты үдеріс.

Басқа мәдениет өкілдеріне деген құрмет ел өмірінің кейбір ерекшеліктерін білуден, қызығушылық танытудан байқалады. Ол үшін әлемге жан-тәніңмен ашылып, стереотиптерге жол бермеулерің керек. Бұл наным-сенімдерден бас тарту керек деген сөз емес, бұл жаңа нәрсеге ашық болу, басқаларды танып білу және құрметтеуге дайын болу деген сөз.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

- 1) Таң қалдыратын немесе тіпті естен тандыратын дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың мысалдарын келтіріңдер.
- 2) 1-2 әдет-ғұрыпты таңдап, олардың осы мәдениет өкілдері үшін нені білдіретінін және олардың қалай пайда болғанын зерттеңдер.
Нәтижелерінді топта талқылаңдар.

3-тапсырма. *Өзге мәдениет өкілдерін құрметтеу ұғымына өз анықтамаларыңды беріп, оны көрсету жолдарын ұсыныңдар.*



4-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма

Сендер халықаралық конгреске қатысып, халықтарыңның мәдениетін таныстырасындар. 3 адамнан тұратын топтарға бөлініп, таныстыру үшін мәдениетті таңдаңдар. Сынып алдында баяндама жасау барысында слайдтар, плакаттар, көріністер, әндер және тағы басқаларды қолдануға болады.



5-тапсырма. «Зерттеу» кезеңі: мәтінді оқып, зерттеуге қандай деректерді талдау әдісі сәйкес келетінін анықтаңдар. Жауаптарыңды дәлелдеп, жұпта талқылаңдар.

Жобалық жұмыс

Сапалық және сандық деректерді талдау

Сапалық және сандық деректерді талдауда әртүрлі әдістер қолданылады.

Сандық әдіс арқылы алынған деректердегі заңдылықтарды немесе ұқсастықтарды анықтау үшін статистикалық талдау жүргізуге болады. Талдау нәтижелері графиктер мен кестелер түрінде ұсынылуы мүмкін. Талдау жүргізуге көмектесетін әртүрлі қосымшалар бар. Мысалы, SPSS немесе Excel сияқты қосымшаларды келесі параметрлерді есептеу үшін пайдалануға болады:

- орташа балл;
- қай жауап қанша рет берілді;
- екі айнымалы арасындағы өзара байланыстылық;
- нәтижелердің сенімділігі.

Сандық мәліметтерден айырмашылығы, сапалық деректерді талдау қиынырақ болады, өйткені олар әртүрлі кескіндер, мәтіндер немесе бейнелер түрінде ұсынылады. Сапалық деректерді талдаудың ең жиі қолданылатын әдістері:

- *Сапалық контент-талдау*: сөздердің/сөз тіркестерінің орнын, кездесушілігін және мағынасын талдау үшін қолданылады.
- *тақырыптық талдау*: бұл талдаудың мақсаты негізгі тақырыптар мен модельдерді анықтау.

Рефлексия:

1. Мен нені үйрендім?
2. Сабақ барысында ең қиын және оңай не болды?

Ресурстар:

- 1) <http://okrug21.ru>
- 2) <https://sp.depositphotos.com/26383577/stock-photo-family.html>
- 3) <https://www.unifrog.org/know-how/how-to-show-respect-towards-people-from-other-cultures>
- 4) <https://obuchonok.ru/etapy>
- 5) <https://papik.pro/klipart/21383-tolerantnost-klipart-56-foto.html>
- 6) <http://russian-science.info/kak-vybrat-metody-dlya-vashego-issledovaniya>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Адам құқықтары және көптеген мәдениеттер
<https://ru.unesco.org/courier/2018-4/prava-cheloveka-i-uvazhenie-kultur>
2. Мәдени шок. Әртүрлі мәдениеттердегі іскерлік қарым-қатынас
https://www.bbc.com/russian/business/2014/11/141030_vert_cap_talk_shock

21-сабақ. Толеранттылық: бір-бірімізді түсінуді үйренеміз

Оқу мақсаттары:

- аргументке немесе мәселеге қатысты ақпарат пен аргументтерді таңдау;
- дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру.

Сабақ барысы

1-тапсырма.

а) Осы суретке мұқият қарап, мағынасын түсіндіріңдер.



Жаңа материалмен танысайық

2-тапсырма. Мәтінді оқып, топта талқылаңдар.

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні. Толеранттылық дегеніміз әлемнің және ондағы адамдардың алуан түрлілігін құрметтеу, қабылдау және түсіну, басқалардың пікірлері мен сенімдеріне шыдамды болу. Толеранттылық (латын тіліндегі «*толеран*» сөзінен) шыдамдылық, төзімділік, сыпайылықты білдіреді.

«Толеранттылық» термині келесі компоненттерден тұрады:


- *Өзгелердің пікіріне, мінез-құлқына шыдамдылық және төзімділік таныту;*
- *Адамның қадір-қасиетін құрметтеу;*
- *Адамды сол қалпында қабылдау;*
- *Өзіңді басқа адамның орнына қоя білу;*
- *Өзгеше болу құқығын құрметтеу;*
- *Зиян келтіруден, зорлық-зомбылықтан бас тарту.*

ЮНЕСКО бекіткен Толеранттылық қағидаттарының декларациясында толеранттылық бейбітшілікке ықпал ететін және соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетіне өзгертуге көмектесетін қасиет ретінде анықталған.

Сұрақтарға жауап беріндер:

- 1) Оқу кездінде құрдастармен, мұғалімдермен қарым-қатынаста толеранттылық қандай әрекеттер арқылы байқалады?
- 2) Сендердің ойларыңша қандай мектеп пәндері толерантты болу сапасын дамытуға ықпал етеді? Неліктен?

3-тапсырма. Толерантты адамның қасиеттері туралы өз түсініктеріңді ұсыныңдар. Біз өз бойымызда осы қасиеттерді дамытуымыз керек пе?




4-тапсырма.

Шығармашылық тапсырма. «Егер біз толерантты болсақ, онда ...» тақырыбына шағын эссе жазыңдар және өз жұмыстарыңа сурет салыңдар. Сыныптастарыңмен бөлісіп, «толеранттылық», «толерантты адам» дегеннің не екенін түсінгендеріңді қараңдар.

5-тапсырма.

**Жағдаяттық
тапсырма**

Сендер қатысатын әлеуметтік топта «Мектепте толеранттылық қағидаттарын қалай жүзеге асыру керек?» деген тақырып талқыланады. Өз шешімдеріңді ұсынып, жауаптарыңды топтарда талқылаңдар.



6-тапсырма.

Жобалық жұмыс

Өткен сабақтарда оқып білген зерттеу әдістерін (сұхбат, сауалнамалар, бақылаулар, эксперименттер, тәжірибелер, іздеу жұмыстары және т.б.) қолданып, «Толеранттылық» немесе «Басқа мәдениет өкілдерін құрметтеу» тақырыбына шағын зерттеу жүргізіп, деректеріңді талдаңдар және дереккөздерді келтіруді ұмытпай, нәтижелеріңді топқа ұсыныңдар.

Рефлексия:

1. Мен нені үйрендім?
2. Мен нені жақсы жасадым?
3. Келесі жолы мен нені одан да жақсы істей аламын?

Ресурстар:

- 1) <https://kargoo.kz/blogs/view/31/154777>
- 2) <https://school67.centerstart.ru/node/231>

- 3) <https://ishimart.kultura-to.ru/index.php/poleznaya-informatsiya-2/57-mezhnatsionalnaya-tolerantnost>
- 4) <https://mou14.oshkole.ru/news/61538.html>
- 5) <https://nsportal.ru/shkola/klassnoe-rukovodstvo/library/2012/04/07/urok-tolerantnosti>
- 6) https://ru.freepik.com/premium-vector/pensive-smart-children-with-a-question-and-answer-kids-think-and-search-decisions-and-answers_23908918.htm
- 7) <https://mszn27.ru/node/56253>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Әлеуметтік ролик <https://www.youtube.com/watch?v=1eRfASsTLak>
2. Шыдамдылық мәдениеті Қазақстан Республикасындағы саяси тұрақтылықтың факторы ретінде <https://articlekz.com>
3. Көруге ұсынылатын фильмдер
 - «Звёздочки на земле» фильмі, 2007 ж.
 - «Антон тут рядом» фильмі, 2012 ж.
 - «Подарок» мультфильмі, 2015 ж.

22-сабақ. Жобалық жұмыс. Зерттеу (2 сағат)

Оқу мақсаттары:

- дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді таңдау;
- жеке көзқарасты негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру.

Сабақ барысы

1-тапсырма. Топпен жобалық жұмыс барысында жиналған деректермен бөлісіп, нәтижелерін талқылаңдар.



1. Сендер қандай деректерді жинадыңдар (сандық немесе сапалық)?
2. Деректерінді талдау туралы жоспарларыңмен бөлісіндер?

Жобалық жұмыс

2-тапсырма.

Осыған сәйкес келетін әдісті қолданып, жиналған деректерге талдау жасаңдар.

Сапалық талдау жасау үшін

- Материалды қайтадан тыңдаңдар/оқыңдар/қараңдар;
- Маңызды мәселелер бойынша жазбалар жасаңдар (болашақ тұжырымдар үшін маңызды ақпарат);
- Жиі қайталанатын сөздерді немесе сөз тіркестерін анықтаңдар (визуализация үшін *Word's Cloud* қызметі немесе кез келген басқа қызметтің көмегімен *сөздер бұлтын* жасай аласыңдар);
- Трендтерді анықтаңдар.

Сендерде сапалық сауалнама деректері жеткілікті болса, жауаптарды санаттарға бөліп, оларды графиктер, кестелер және диаграммалар құру үшін пайдалануға болады. Ол үшін дәйекті түрде келесі қадамдарды жасаңдар:


- Жауаптарыңды электрондық кестеге (мысалы, Excel бағдарламасында) енгізіңдер;
- Жауап берушілердің жауаптарын жіктеудің жолдарын табыңдар;
- Әр жауапқа санат беріңдер;
- Сауалнама деректерін санаттар бойынша ұйымдастырыңдар;
- Деректерді көрнекі түрде көрсетіңдер.

Сандық талдау жүргізу үшін (Excel бағдарламасын пайдалануға болады).

Қарапайым салыстыру жүргізіңдер. Салыстырмалы деректерді талдау үшін әрбір таңдау көптігінің нұсқасы үшін жауаптардың жалпы санын қосыңдар. Содан кейін жауап санын немесе әр жауаптың пайызын реттеу үшін салыстырмалы диаграмма жасаңдар.

Сайтта қандай мазмұнды көргілерің келеді?	Блогтар	Нұсқаулықтар	Вебинарлар	Подкасттар
Жауаптар	45%	20%	10%	25%

Сендер оны гистограмма немесе дөңгелек диаграмма ретінде көрсетсеңдер, мұндай салыстыруды түсіну оңайырақ болады:



Деректерді талдау барысында зерттеулеріңнің мақсатын ұстанып, барлық деректерден қызықты болса да, сендердің тақырыптарыңа қатысы жоқ ақпаратқа тоқталмай, жобаларыңның сұрағына жауап беретін ақпаратты табуға тырысу керек.

3-тапсырма.

Өздеріңнің деректеріңнің талдауына қарап, нәтижелерді түсіндіру үшін қандай ақпаратты қолданатындарың туралы ойланьндар және дәлелдер ретінде қандай деректерді қолдануға болатындығын анықтаңдар.

4-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Нәтижелеріңмен бөлісіп, тағы нені жақсартуға немесе өзгертуге болатындығы туралы пікірлеріңді айтыңдар.



Рефлексия:

1. Бұрын мен нені істей алмадым, қазір не істей алатын болдым?
2. Мен не істедуді үйрендім?
3. Мен қандай жаңа іс-әрекет түрлерін мен әдістерді игердім?

Ресурстар:

1. <https://www.hotjar.com/blog/analyze-survey-data/>
2. <https://school-97.edusite.ru/p300aa1.html>

3. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/raznoe/2018/05/30/kriterii-otsenki-kratkosrochnyh-proektov-v-nachalnoy-shkole>
4. <https://medium.com/@ivansobolev>
5. <https://fr.dreamstime.com/illustration-stock-pictogramme-parlant-personnes-image82262397>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Мектептегі зерттеу жұмыстарына қатысты ұсынымдар
<https://mosmetod.ru/centr/proekty/kurchatovskij-proekt/kursy-povysheniya-kvalifikatsii-kurchatovskij-proekt-ot-znanij-k-praktike-chast-vtoraya/ii-zanyatie-3/kursy-3-rec-issled-i-project.html>
2. Basic steps in research process
<https://www.nhcc.edu/academics/library/doing-library-research/basic-steps-research-process>

4-БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҚАТЫСУ

Бұл бөлім оқушыларды мәдени сәйкестік, басқа мәдениеттердің құндылықтар жүйесі, мәдениетаралық қарым-қатынас және ондағы таптаурындар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Тапсырмаларды орындау оқушыларға болашақта басқа мәдениеттер өкілдерімен ашық, құрметпен және тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Осы бөлімді оқыған кезде оқушылар өз жобалық жұмыстарының қорытындысын тұжырымдауды бастайды.

23-сабақ. Мәдени сәйкестікті қалыптастыру

Оқу мақсаты:

- дәлелдер, мәлімдемелер, себептер мен аргументтердің негізгі элементтерін анықтап, бағалау

Жаңа материалмен танысайық

1-тапсырма. Сәйкестік дегеніміз не? «Сәйкестік» ұғымын қандай сөздермен байланыстыра аласыңдар?

2-тапсырма. «Мәдени сәйкестік» ұғымына не кіреді? Схеманы біздің мәдени ерекшелігімізге әсер ететін элементтермен толықтырыңдар



3-тапсырма. Мәдени сәйкестік туралы ойланындар. «Менің мәдени сәйкестігім» менталды картасын жасаңдар.



Мәдени сәйкестік

Сонымен, мәдени сәйкестік дегеніміз не? Бұл адамның өзінің кім екенін білу және өзін-өзі қалай қабылдайтынын түсіну. Мәдени сәйкестік өмір бойы қалыптасады.

Сендермен болған барлық нәрсе, сендер не туралы және қалай ойлайтындарың, кездестіретін адамдарың және әлемде болып жатқанның барлығы өздеріңді қалай қабылдайтындарыңа әсер етеді. Бұл тәжірибе мәдени сәйкестікті қалыптастыруға көмектеседі. Осылайша, сендердің біртектіліктеріңді өздерің де, айналасыңда не болып жатқандығы қалыптастырады.

Мәдени сәйкестік дегеніміз – адамның тиісті мәдени нормалар мен мінез-құлық үлгілерін, құндылық бағдарлары мен тілін саналы түрде қабылдауы, өзін өз қоғамының мәдени үлгілерімен теңдестіруі.

Мәдени сәйкестік бір адамды екінші адамнан ажыратуға болатын мәдени ерекшеліктерден тұрады. Олар әлеуметтік, дүниетанымдық, этникалық шығу тегі, жынысы, білімі, діні, тілі, физикалық және ақыл-ой дамуының ерекшеліктері, кәсібі, жасы, азаматтығы сияқты бірқатар сипаттамалармен анықталады. Осылайша, мәдени сәйкестік дегеніміз – адамның мәдени құндылықтарды иелену үдерісі, адамның өзін белгілі бір мәдениетке жатқызуы. Әрбір адам бірнеше мәдениеттің тоғысу орталығы болғандықтан, оның бірнеше тұлғалық сәйкестігі бар және олардың бірі жетекші болып табылады.

Мәтінге тапсырмалар

4-тапсырма. Мәтінді оқып, кестені толтырыңдар.

Ұсыныстар: мұғалім мәтін тақырыбын атайды, оқушылар «Білемін» бағанын толтырады. Мәтінді оқығаннан кейін оқушылар «Білдім», «Білгім келеді» бағандарын толтырады.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Жағдаяттық тапсырма

5-тапсырма. Жағдаяттық мәселелерді шешу

1-топ

Ертең Әли сенің мектебіңе бірінші күн оқиды. Оның отбасы Өзбекстаннан бір жыл бұрын келген. Әлидің әкесі мен анасы қазақ тілінде сөйлеуді үйреніп жүр, бірақ үйде отбасы өзбек тілінде сөйлейді. Әлидің ата-анасы оны мектепте тіркеген кезде, олар оған ауысуға көмектесу үшін үйде онымен қазақ тілінде сөйлесуді бастау керек пе деп сұрады.

Директор ретінде:

- Сендер оларға қандай кеңес берер едіңдер?
- Әлидің сендердің мектептеріңе ауысуын жеңілдету үшін не істей аласыңдар?
- Әлидің отбасы оған жаңа ортада өзін жайлы сезінуге көмектесу үшін қандай ақпарат бере алады?
- Әлиге мәдени сәйкестігін дамытуға қалай көмектесуге болады?

2-топ

Самираның ата-анасы мектепке келгенде, анасы дәстүрлі киім киіп келді. Сендер бір топ балалардың күліп, сыбырлап, саусақатырмен көрсетіп жатқанын байқадыңдар.

- Жағдайды талдап, балаларға не айта аласыңдар?
- Самираның ата-анасы оны мектепке тіркеуді шешсе, онда ол өзін жайлы сезінуі және оқушылардың қорлауына ұшырамауы үшін не істеуге болады?
- Сендердің ойларыңша, Самираға оның мәдени сәйкестігін дамытуда қандай көмек көрсетуге болады?

6-тапсырма. Жоба жұмысының «қорытынды» кезеңімен танысыңдар.

Жобалық жұмыс



Қорытындының құрылымымен танысыңдар. Қорытынды бөлімде сендер жасаған барлық жұмысты логикалық түрде сипаттауларың керек. Кіріспеден бастап, теориялық бөлімнің тұжырымдарын, содан кейін практикалық зерттеу нәтижелерін қысқаша сипаттаңдар. Логиканы бұзу –

Кіріспе	Мақсатқа қол жеткізілгенін жазуды ұмытпаңдар (оған әрқашан қол жеткізу керек). Қандай міндеттердің орындалғанын айтып беріңдер. Алайда нақты құрылым мен тәртіпті қолданудың қажеті жоқ.
Негізгі бөлім	Зерттелетін тақырып бойынша негізгі қорытындыларды сипаттаңдар.
Қорытынды	Зерттеудің құндылығын, жақсартуға және нәтижелерді қоғам қызметіне енгізуге қатысты ұсыныстарды айтыңдар. Тақырыпты зерттеген кезде қол жеткізген жетістіктеріңе екпін қоюды ұмытпаңдар.

7-тапсырма. Жобалық жұмыстың таңдалған тақырыбы бойынша мақаланы таңдаңдар. Мақаланың қорытындысын оқып, оны қорытынды бөлімнің құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыға бөліп талдаңдар.

1.	Кіріспе	
2.	Негізгі бөлім	
3.	Қорытынды	

Рефлексия:

1. Мен нені үйрендім?
2. Бұл сабақтан кейін мен қандай тұжырым жасадым?

Ресурстар:

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/kulturnaya-identichnost-k-opredeleniyu-ponyatiya>
2. <https://lektsii.net/3-23263.html>
3. <https://www.cambridgeinternational.org/Images/428662-exploring-cultural-identity-in-the-classroom.pdf>
4. <https://www.pilarcloud.com/cloud-backup-solution/>

24-сабақ. Өзін, өз мәдениетін және басқа мәдениеттерді танып, қабылдау

Оқу мақсаты:

- бастапқы және қайталама дәлелдемелердің әр түрлерінің мықты және әлсіз тұстарын анықтап, бағалау

Жаңа материалмен танысайық

1-тапсырма. Топтардағы жұмыс

1-топ

Өз халқыңның мәдениетін зерделеу неліктен маңызды деп ойлайсыңдар?

2-топ

Басқа халықтардың мәдениетін зерделеу неліктен маңызды деп ойлайсыңдар?

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

*«Адам деген бір үлкен галам, галамды түсінгің келсе,
алдымен өз-өзіңді танып біл»
Абай Құнанбаев*

Қазақ мәдениеті – көшпелі халық тарихының бейнесі. Мыңдаған жылдар бойы қазақ даласын көшпелі тайпалар мекендеп, өздерінің бірегей дүниетанымын, өзіндік салт-дәстүрлерін қалыптастырды, көршілес халықтар мен мәдениеттермен ынтымақтастықта өмір сүрді. XIX-XX ғасырларда көптеген қазақтар көшпелі өмір салтын отырықшы тұрмысқа ауыстыра бастады және қазақ халқының жаңа мәдени тұстары қалыптаса бастады. Қазіргі таңда Қазақстан мәдениеті – көшпелі өткен заманның рухымен байыған алуан түрлі өнер, дәстүр және тұрмыстың орасан қоры.

Біз мәдениетімізді білгенде ғана, оны сақтай аламыз. Бірақ барлық мәдениеттердің ерекше және қызықты екенін түсіну керек. Кейбір мәдениеттер басқа мәдениеттермен бұрыннан тығыз байланысты және тым өзгеріп кеткен. Бірақ өз мәдениеті жоқ мемлекет пен халық болмайды. Тарихи тәжірибеге сүйенсек, өз дәстүрін қолдап, естерінде сақтаған халықтар ғана көптеген проблемаларға төтеп бере алатынын көруге болады.

Өз мәдениетін және басқа мәдениеттерді оқып білу – баға жетпес тәжірибе. Басқа мәдениеттерді түсіну сендерге де, басқа адамдарға да пайдалы және әртүрлі халықтардың қалай өмір сүретіні туралы білімді тереңдетеді. Мәдениеттер туралы білім алудың көптеген жолдары бар. Ақпаратты

Интернеттен немесе жергілікті кітапханадан іздеуге, сонымен қатар өз орталарындағы әртүрлі мәдениет өкілдерімен танысуға және сәті түскен сайын саяхаттауға болады.

Мәтінге тапсырмалар

3-тапсырма. Кестені толықтырып, мәдениетті танып білу жолдары туралы ойланыңдар.

Мәдениетті танып білу жолдары	Технологияларды қолдану
1.	Интернеттегі жаңалықтар көздерін зерттеу		
2.	Әлеуметтік желілерден ақпарат іздеу		
3.	YouTube арнасында бейнебаяндар көру арқылы мәдениетпен танысу.		
4.	Хат алмасатын дос іздеу		

4-тапсырма. Мысалды оқып, талдаңдар.

Азиялық және батыстық іскерлік әдеп үлгісінің айырмашылығы неде? Азия мен Батыс мәдениетінде сыйлықтарға деген көзқараста айырмашылық бар ма?

Жағдаяттық тапсырма


Көптеген неміс кәсіпкерлері Азия елдерінің серіктестерімен алғашқы қарым-қатынас кезінде оларға хаттамаларда кәдесыйлар ретінде көрсетілген түрлі сыйлықтар жасалғанын еске алады. Әдетте неміс кәсіпкерлері алғашқы қарым-қатынас кезінде бейтаныс адамдардан сыйлықтар алуға дайын емес, оның үстіне, олар сыйлықтарды пара ретінде қарастырады.

5-тапсырма. Жұптарда немесе шағын топтарда мәдениетті зерттеу мақсатында бір елді таңдаңдар.

Ақпарат жинау барысында әртүрлі дереккөздерді пайдаланыңдар.
Таныстырылымды дереккөздерге сілтеме жасап, библиографиялық тізімді дұрыс құрастырып әзірлендер.

Оқуға ұсынылатын тақырыптар:

<p>Дене қимылдары</p> <p>Дәстүрлер</p> <p>Әдет-ғұрып</p>	<p>Тамақ</p> <p>Дін</p> <p>Қарым-қатынас</p>	<p>Отбасы</p> <p>Тарих</p> <p>Саясат</p>	<p>Музыка</p> <p>Танымал спорт түрлері</p> <p>Қызығушылық</p>
--	--	--	---



6-тапсырма. Жобаларыңның қорытынды бөлігіне кіріспе туралы ойланып, кестені толтырыңдар.

Кіріспеде не істейтіндерің туралы, ал қорытындыда не істелгені туралы жазылады. Кіріспеде сендер тек болжап, қорытынды бөлімде идеялардың қалай жүзеге асырылғанын сипаттайтындықтан ол өте маңызды.

Жобалық жұмыс

1.	Не істелді?	
2.	Мақсатқа қол жеткізілді ме?	
3.	Қандай міндеттер орындалды?	
4.	Жобалық жұмыс барысында қандай тапсырмаларды орындай алмадыңдар? Неліктен?	
5.	Жұмыс барысында қандай қиындықтар кездесті?	

Рефлексия:

1. Мен нені үйрендім?
2. Сабақтағы ең оңай және ең қиын тұстар қандай болды?
3. Бұл сабақтан кейін мен қандай тұжырым жасадым?

Ресурстар:

1. <https://www.advantour.com/rus/kazakhstan/culture.htm>
2. <https://ru.wikihow.com/изучать-другие-культуры>
3. <http://ufa-news.net/other/2019/09/02/213189.html>
4. https://kyzylorda-news.kz/ru/obshество/kazahstan-priznan-samoj-bezopasnoj-stranoj-v-sng-47547/?doing_wp_cron=1650032652.6909639835357666015625
5. <https://www.commisceo-global.com/images/files/cultural-awareness-manual.pdf>


25-сабақ. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі

Оқу мақсаты:

- құрылымды сақтап, ақпарат пен дәлелдемелер ұсыну

**Жаңа материалмен
танысайық**

1-тапсырма. «Құндылықтар» ұғымына өз анықтамаларыңды беріңдер.



- Сен үшін құндылыққа не жатады?
- Бір мәдениеттің өкілдері басқа мәдениет өкілдерінен несімен ерекшеленуі мүмкін?
- Сендер басқа мәдениет өкілдерімен кездестіңдер ме? Қайда? Өз тәжірибелеріңді сипаттаңдар.

2-тапсырма. Ақпаратты оқып, топта талқылаңдар.

Әрбір мәдениет оның басқа мәдениеттерден айырмашылықтарын анықтайтын құндылықтар жүйесі болып табылады.

Құндылықтар – бұл адам үшін маңызды объектілер, құбылыстар, идеалдар, олар көбінесе оның мінез-құлқы мен әрекетін анықтайды.

Қарапайым тілмен айтқанда, белгілі бір тұлға үшін құнды және басым нәрселер.

Құндылықтар адамның құндылық танымының және қоршаған әлемдегі құбылыстарға көзқарасының пайда болуына ықпал етеді. Осыған байланысты, құндылықтардың негізінде адамдар бағалаушылық пікірлерді қалыптастырады (мысалы, біз белгілі бір әрекетке жаман немесе жақсы деп баға береміз). Сондай-ақ, адамдар құндылықтарға негізделген борыш сезімін қалыптастырады.

Қоғамдағы құндылықтарының тиісті мінез-құлықты қалыптастырудың мысалы келесідей: егер адам жануарлардың өмірін бағаласа, онда үйсіз үй жануарларына қамқорлық жасау оның міндетіне айналады. Сондықтан құндылықтық қатынас – қоғам мен адамның іс-әрекеттері, сенімдері, идеялары, оқиғалары, іс-әрекеттері және т.б. арқылы байқалатын құндылықтардың көрінісі.

Құндылықтарды қалыптастыру

Бала кезінен бастап әр адам жеке құндылық бағдарларын қалыптастырады, оның көмегімен ол құндылықтар әлемінде бағдарланады және құндылықтардың қайсысы ол үшін маңызды және қайсысы маңызды емес екенін анықтайды. Саналы немесе бейсаналық түрде адамдар өздерінің құндылық бағдарларын ұйымдастыруға, оларды азды-көпті логикалық реттелген иерархиялық жүйеге келтіруге тырысады. Бұл жүйе әдетте «өздігінен» қалыптасады – адамдар оның қалайша жасалатыны туралы ойламай-ақ құрастырады. Оның үстіне, ол қандай да бір түрде қалыптасқан кезде, оны саналы түрде қайта құру өте қиын, және адам оны әрдайым жүзеге асыра алмайды (алайда, жасына байланысты кейбір өзгерістер қайтадан «өздігінен» орын алады).

Жеке тұлғаның құндылықтық бағдарлау жүйесі мәдениетте бар құндылықтық идеяларының негізінде қалыптасады. Әрбір адам өзінің туа біткен және пайда болған ерекшеліктеріне байланысты және жеке өмірлік жағдайлардың әсерінен оларды өз бетінше реттейді, бірақ әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, ұқсас әлеуметтік-мәдени жағдайда өмір сүретін әлеуметтік топтар осы топқа тән иерархиялық реттелген құндылық бағдарларын қалыптастырады.

Мәтінге тапсырмалар

Сұрақтар:

1. Құндылықтар не үшін қажет?

2. Адамның құндылықтық бағдары қалай қалыптасады?
3. Неліктен әр халықтың өзінің құндылық жүйесі бар деп айтамыз?
4. Өзге мәдениет өкілінің құндылықтарымен таныс болу не үшін маңызды?


3-тапсырма. Құндылықтарды түрлерге бөліп, кестені толтырыңдар:

Махаббат, достар, денсаулық, адалдық, тұрғын үй, сұлулықты көре білу, киім, әлеуметтік шеңбер, сенім, тамақ, саяси көзқарастар мен сенімдер, әшекейлер, адалдық, еркіндік, белгілі бір әлеуметтік топқа жату, жанашырлық, отбасы, тұрмыстық техника, құрмет, смартфондар

Құндылықтар түрлері


Материалдық құндылықтар	Рухани құндылықтар	Әлеуметтік құндылықтар

4-тапсырма. Құндылық жүйелерің неден тұратынын анықтаңдар. Құндылықтар пирамидасын толтырыңдар.



Ең құнды 5 ұғымды таңдаңыз, оларды басымдық бойынша орналастырыңыз. Ол үшін басқа біреудің пайдасына бас тарта алмайтын нәрсені елестетіп көріңдер. Нәтижесінде, жеке құндылық параметрлеріңнің иерархиясын аласыңдар. Міне, бұл сендердің ішкі тұсбағдарларың.

Құндылықтар пирамидасы



Талқылау сұрақтары:

1. Басқалардың кейбір құндылықтарға берген бағаларына таң қалған жағдайлар болды ма? Неге иә немесе неге жоқ?
2. Достарыңның құндылықтары сенікінен өзгеше болғанды қалай қабылдайсың? Олардың ойын өзгертуге тырысасың ба?

5-тапсырма. Ақпаратты оқып, елдер мен олардың құндылықтарын сәйкестеріңдер.

Әр түрлі елдердің құндылықтары

Елдер	Құндылықтар
<p>1.</p>  <p>Италия</p>	<p>а. Бұл елдің тұрғындары әр адамның жеке кеңістігін бағалайды және құрметтейді. Қоғамдық көлікте басқа жолаушыларға тым жақын тұру әдетке жатпайды. Қолдың ұзындығымен бірдей қашықтық оңтайлы болып саналады. Табиғат аясында уақыт өткізгенде қатты сөйлеуге, айқайлауға, басқа демалушылардың мазасын алуға болмайды. Тұрғындар жаңа таныстарын өздерінің жеке кеңістігіне абайлап кіргізеді. Бұл елде жеке сұрақ қою және басқа адамдардың істеріне қызығушылық таныту әдетке жатпайды.</p>
<p>2.</p>  <p>Финляндия</p>	<p>б. Бұл елде еңбекқор адамдар тұрады. Олар еңбек демалысын сирек алып, көп уақытын жұмысқа арнағанды жөн көреді. Осындай ұлттық ерекшелік мансаптық жетістікке жету жолындағы үлкен бәсекелестікпен байланысты. Компанияның мүдделері өз мүдделерінен жоғары қойылады. Мұның себебі – қызметкердің атқаратын лауазымына лайық екенін және өз жұмысын бағалайтынын дәлелдеу қажеттілігі. Сондай-ақ еңбекқорлық елдегі өмірдің қымбатшылығы және жоғары табыс деңгейін қамтамасыз етуге деген ұмтылыспен байланысты. Өмірге деген мұндай көзқарас елдің басына келген көптеген табиғи апаттармен байланысты.</p>
<p>3.</p>  <p>Жапония</p>	<p>с. Бұл елдің тұрғындары отбасылық дәстүрлерді құрметтейді. Жақын туыстық қатынастарды сақтауға тырысады. Олар дәстүрлі тағамдар дайындалатын үлкен үстелдің үстінде бас қосып, отбасылық мерекелерді ұйымдастырғанды ұнатады. Отбасылардағы аға туыстарға үлкен құрметпен қарайды, олардың кеңестерін тыңдайды және барынша қамқорлық жасайды. Ата-әжелер өздерінің немерелері мен шөберелеріне ұрпақтан-ұрпаққа беріп келе жатқан отбасылық дәстүрлерді сақтайды және оларды құрметтейді. Кішкентай балаларға сабырлықпен қарайды, олар еркелетеді, шектемейді. Бірақ олар есейген сайын оларға көбірек міндеттерді жүктейді</p>

6-тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма

Сендерге студент алмасу бағдарламасына қатысу мүмкіндігі түсті. Сендерге оқитын елді таңдау қажет. Осы елдің мәдени құндылықтарын зерттеу арқылы өз таңдауларыңды түсіндіріңдер.

1. Таңдаған елде қандай құндылықтар маңызды?

2. Таңдаған елдің мәдени құндылықтары еліміздің құндылықтарымен сәйкес келе ме? Мысал келтіріңдер

7-тапсырма. Қорытындының негізгі бөлігі зерттеудің негізгі қорытындыларынан тұрады. Зерттеу нәтижелері бойынша 2-3 негізгі қорытынды шығарыңдар.

Назар аударыңдар, қорытындының басты ерекшелігі – қорытынды өз сөзбен тұжырымдалады, фактілермен бекітіліп негізделеді.

«Қорытынды» бөлімін жазу үшін жалпы қабылданған тіркестер:

- Жоба аясындағы жұмысты барысында біз ... білдік
- Зерттеудің негізінде келесі қорытынды жасауға болады...
- Қорытындылай келе, біз ... атап өтеміз
- Біз ... қорытындыға келеміз
- Біздің зерттеу жобасындағы жұмысымыз ... туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді

Жобалық жұмыс



Жобаға қатысты негізгі қорытындылар:

- 1.
- 2.
- 3.

8-тапсырма. Топтарда ұсынылған тұжырымдарды критерийлерге сәйкес талдаңдар:

- 📖 Ғылыми тілде жазылған
- 📖 Нақтылық және дәлдік
- 📖 Материалдың мазмұнына сәйкес келеді

Рефлексия:

1. Құндылықтар туралы не білдіңдер?
2. Сені қызықтырмайтын қандай нәрселер басқа адамдар үшін маңызды/құнды болуы мүмкін деп ойлайсың?

3. Сенің құндылықтарыңның қайсысы басқалар үшін құнды болмауы мүмкін деп ойлайсың?

Ресурстар:

1. <https://www.playbookux.com/a-guide-to-creating-personas/>
2. https://assist.mediacube.network/l_rus/knowledge_base/
3. <https://www.vectorstock.com/royalty-free-vector/personal-branding-course-concept-metaphor-vector-31320100>
4. <https://emigrant.guru/travel/tsennosti-raznykh-stran-kotorye-ne-chuzhdy-i-rossiyanam-2.html>
5. <https://vsvoemdome.ru/psihologiya/samorazvitiie/chto-takoe-cennosti>
6. https://bstudy.net/872424/iskusstvo/kulturnye_razlichiya
7. <https://uspeshnick.ru/tsennosti-ubezhdeniya-i-ustanovki-lichnosti/>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. «HSBC Funny Culture ads», «HSBC Funny Culture ads». Қосымша зерттеуге арналған бейне
2. https://www.youtube.com/watch?v=hGKCkvNk_zI видео

26-сабақ. Мәдениетаралық қарым-қатынас

Оқу мақсаты:

- дереккөздерге сілтеме жасау және библиографиялық тізімді дұрыс құру.

**Жаңа материалмен
танысайық**

1-тапсырма.

- ✓ Мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымы қандай ассоциацияларды тудырады?
- ✓ Өздеріңнің және өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста мінез-құлықтарың әртүрлі бола ма?
- ✓ Неліктен адамдардың арасында өзге мәдениет өкілдерін оңай тануға болады?



2-тапсырма: Ақпаратты оқындар,

Мәдени байланыстар адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды Олар бір мәдениеттің өкілдеріне басқа адамдардың мәдениетіне тән салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, идеялармен және күнделікті қарым-қатынас нормаларымен танысуға мүмкіндік береді. Бұл өзара түсіністікті орнатуға, ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға, адамдардың рухани әлемін байытуға, олардың көзқарасын кеңейтуге ықпал етеді.

Мәдениетаралық коммуникация – бұл түрлі мәдени қауымдастықтарға жататын адамдардың өзара әрекеті.

Мәдениетаралық коммуникация түрлері:

- ✓ вербалдық – ауызша қарым-қатынас, тіл;
- ✓ бейвербалдық – мимика, ым-ишара, дене қимылдары, дене тұрысы, визуалды байланыстар, сонымен қатар киім, сыртқы келбетті безендіру элементтері
- ✓ паравербалдық – берілген ақпаратты нақтылайтын, оның мағынасын түсіндіретін интонациялар (таңдану, сарказм, ирония), сондай-ақ дауыстық реңктер, сөз екпіні мен қарқыны, лептер, күрсінуге, жөтел, күлкі, жылау.

Мәдениетаралық қарым-қатынас – бұл білім түрлерін қамтитын ерекше іс-әрекеттің түрі:

- шет тілін;
- материалдық және рухани мәдениетті;
- діни және зайырлы дәстүрлерді;
- құндылықтар мен моральдық көзқарастарды;
- мінез-құлық және қарым-қатынас нормаларын, этикетті;
- ұлттық сипат мен менталитетті.

Тиімді қарым-қатынас жасау үшін **мәдениетаралық күзiреттiлiктiң** маңызы зор – өзгенің мәдениетін өзінің мәдени ерекшелігін жоғалтпай қабылдау мүмкіндігі. Ол тұжырымдама келесіні қамтиды.

- басқа адамдардың мәдениетіне мейірімді және құрметпен қарау
- шетелдік лингвистикалық және мәдени ортаның ерекшеліктерін білу немесе қажетті білімнің жетіспеушілігімен басқа мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынаста жетістікке жету мүмкіндігі
- басқа мәдениет өкілдерімен оң қарым-қатынастың тәжірибесі
- өзара әрекеттесудің сәтті өтуіне бағытталған мәдениетаралық байланыстар стратегиясына ие болу – сөйлесу қарым-қатынасын бастай білу, түсінуге дайын болу, түсінбеушілік белгілерін анықтау, ортақ мәдени элементтерді іздеу

Мәдениетаралық қарым-қатынас – қалыптастыруға болатын, әрі қалыптастырған жөн дағдылар жиынтығы. Бұл кәсіби қызметі мәдениетаралық өзара қарым-қатынаспен байланысты адамдар үшін ерекше маңызды, ал коммуникативті қателіктер мен сәтсіздіктер келіссөздердегі сәтсіздіктерге, ұжымның тиімсіз жұмысына және этносаралық қақтығыстарға әкеледі. Коммуникативтік сәтсіздіктердің басты себебі – коммуниканттарды өз мәдениетінің тұрғысынан қабылдау. Мәдениетаралық қарым-қатынастың мұндай шектеулерін жеңу үшін біраз үйрену керек.

Мәтінге тапсырмалар

Мәтінге сұрақтар:

1. Мәдениетаралық қарым-қатынас дегеніміз не?
2. Қарым-қатынастың вербалдық, бейвербалдық және паравербалдық түрлеріне не жатады?
3. Бейвербалдық қарым-қатынас формалары не үшін қолданылады?

2-тапсырма. Кестені ұсынылған тізімдегі қасиеттермен толтырыңдар. Топта талқылаңдар.

-
- | | |
|---|---|
| • өз мәдениетін қаралау | • басқаның өзге болу құқығын құрметтеу |
| • өз шекараларын білу | • өз мәдениетінің жақтаушысы болу |
| • басқа мәдениеттерді құрметтеу | • стереотиптерден аулақ болу |
| • тыңдау, байқау қабілеті | • басқалар туралы теріс пікірлерді тарату |
| • басқалардың пікіріне, дәстүрлеріне, мінез-құлқына толеранттық | • оңай бейімделу мүмкіндігі |
| • қарым-қатынастағы әдептілік | • адамның қадір-қасиетін құрметтеу |
| • басқа мәдениеттің артықшылығын тану | • өз мәдениетін дәріптеу |
| • мәдениеттердің алуан түрлілігін тану | • мәдени айырмашылықтарды теріс бағалау |
| • кешіру қабілеті | |
| • стереотиптер | |
-

Тиімді мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа ықпал етеді	Тиімді мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа кедергі келтіреді

3-тапсырма. Топта жұмыс істеу.

Құзыретті мәдениетаралық қарым-қатынас ережелері

Жағдаяттық тапсырма

1-топ

Сендер халықаралық жобалардың біріне қатысасындар деп елестетіп көріңдер. Сендердің басқа мәдениет өкілдері-әріптестерімен алғашқы кездесулерің керек. Бірінші кезекте өздерің туралы не айтып бересіндер? Өңгімелесушілер туралы қандай ақпарат сендерге қызықты болады?

2-топ

Басқа мәдениеттің өкілі іскерлік кездесу өткізу үшін сендердің елдеріңе барады. Оған қандай кеңестер бере аласындар, тізімді жасаңдар.

Әдеп	Рұқсат етіледі және рұқсат етілмейді, әдептілік пен мінез-құлық, сәлемдесу, киім
Болжал	Жергілікті тұрғындардың уақытқа қатынасы және олардың ұқыптылығы, өзара құрмет пен қонақжайлылық

4-тапсырма. Ережеге сәйкес пайдаланылған әдебиеттер бойынша библиографиялық тізімді жасаңдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Дереккөздер туралы мәліметтер мәтіндегі дереккөздерге сілтемелердің пайда болу ретімен орналастырылуы, араб цифрларымен нүктесіз нөмірленуі және абзац шегінісінен басылуы тиіс. Кітаптардың, электронды ресурстардың, газеттердің, журналдардың және басқа да дереккөздердің рәсімделуі әртүрлі болады. Библиографиялық жазба түпнұсқа тілінде орындалады.

Кітаптар	Бейсенова, А. Самақова, Т.Есполов, Ж. Шілдебаев. «Экология және табиғатты тиімді пайдалану» Алматы: Ғылым, 2004, - 328 б.
Электрондық ресурстар	Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы [Электрондық ресурс] / Техникалық-пайдалану қызметі басшысы Сарыбаев Б.А. – Кіру режимі: https://www.nlrk.kz/ , свободный. – Басты бет.
Газеттер	Тоқтамұрат, Қ. Экология – ел тынысы // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 278.
Журналдар	Боранбаева Қ.Қ. Психологиялық ахуал адамның эмоционалдық құзыреттілігіне әсер етеді ме? // Педагогикалық диалог. – Нұр-Сұлтан, 2020. – № 1(31). – С. 1-100

5-тапсырма. Қорытынды. Зерттеудің құндылығы, таңдалған тақырыпты жақсарту және жаңарту нұсқалары және тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізілген жетістіктер туралы ұсыныстар жасаңдар.

Жобалық жұмыс



1. Сендердің зерттеу жобаларыңның мәні неде?
2. Сендердің зерттеулеріңнің практикалық маңызы қандай?

Рефлексия:

1. Сендер үшін қандай идеялар маңызды болды?
2. Сендерде қандай қиындықтар болды?
3. Сендер бұл қиындықтарды қалай жеңдіңдер?

Ресурстар:

1. <https://rrepetitor.ru/person/mezhkulturnaya-kommunikacziya-osnovnyeponyatiya/>
2. <http://www.vestnik.nauka.kz/wp-content/uploads/2018/03/ОБРАЗЕЦ-ОФОРМ.-СПИСКА-ЛИТ.-сайт.pdf>

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. “HSBC Funny Culture ads”. “[HSBC Funny Culture ads](#)”. Қосымша зерттеуге арналған бейне
2. https://www.youtube.com/watch?v=hGKCKvNk_zI видео

27-сабақ. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы стереотиптер

Оқу мақсаты:

- (жетілдіруді ұсынып) келесі зерттеу саласын анықтау

Жаңа материалмен танысайық



1. Стереотиптер дегеніміз не?
2. Стереотиптер қалай пайда болады?
3. Мәдениетаралық қарым-қатынаста стереотиптердің маңызы қандай?

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы стереотиптердің рөлі

Стереотиптер – бұл ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында дамып келе жатқан құбылыстың немесе адамның тұрақты бейнесі. Адамдар өміріндегі барлық нәрсе туралы стереотиптерді қалыптастыра алады, бірақ бұл стереотиптер әртүрлі жолдармен дами алады. Стереотиптер көбінесе қате түсінік пен жалған нанымдарға әкелуі мүмкін, өйткені олар адамдарға көптеген ақпаратқа қол жеткізе алмай, басқа адамдар туралы жалпы болжамдар жасауға мәжбүр етеді. Алайда, кейбір жағдайларда стереотиптер адамдарға қауіптен аулақ болуға және әлеуметтік жағдайларды түсінуге көмектесетін эволюциялық тұрғыдан пайдалы рөл атқаруы мүмкін.

Әр ұлттың айналасындағы әлем, адамдар, басқа мәдениеттің өкілдері туралы өзіндік идеялары бар. Халықтың мәдени, психологиялық, ұлттық ерекшеліктері қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл мәдениетіне әсер етеді. Мұндай айырмашылықтар өте маңызды және тілге, әдеп ережелеріне, мінез-құлықтың белгілі бір стереотиптеріне және таңдалған қарым-қатынас құралдарына қатысты болуы мүмкін. Мәдениетаралық байланыстардың мазмұны мен нәтижелері көбінесе олардың қатысушыларының бір-бірін түсініп, келісімге келу қабілетімен анықталады.

Стереотиптер - бұл жеке психологиялық ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құбылыс. Әлеуметтену үдерісінде бала қоғамдағы халықтың басқа топтарына қатысты идеяларды бейсаналық түрде қабылдайды. Кейіннен адам, әдетте, оларды бейсаналық түрде қолданады және келесі ұрпақтарға табыс етеді. Қалыптасқан стереотиптер ұзақ уақыт бойы өмір сүреді және қоғамдық пікірдің айтарлықтай өзгеруінің әсерінен ғана өзгереді.

Мәдениетаралық байланыстар жағдайында стереотиптер өте маңызды рөлді атқарады. Көптеген зерттеушілер оларды қолдану жолдары мен нысандарына байланысты стереотиптер қарым-қатынас үшін пайдалы немесе зиянды болуы мүмкін деп санайды. Тиімді стереотиптеу адамдарға жағдайды түсінуге және жаңа жағдайларға сәйкес әрекет етуге көмектеседі. Стереотип келесі жағдайларда белгілі бір пайданы әкеледі:

- 1) стереотип жеке адамға тән ерекше қасиеттерді емес, топтық нормалар мен құндылықтарды көрсетсе;
- 2) стереотип бағалау емес, сипаттамалық болған кезде;
- 3) стереотип ол туралы тікелей ақпарат емес, тек болжам болған кезде;
- 4) стереотип жеке тұлға үшін түпкілікті қорытынды болып табылмаса, ал одан әрі бақылау және нақты адамдармен қарым-қатынас тәжірибесі негізінде расталса.

Зерттеушілер стереотиптер мәдениетаралық қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін бірқатар себептерді анықтайды.

- 1) стереотиптердің артында адамдардың жеке ерекшеліктерін анықтау мүмкін болмаған кезде.

Стереотиптеу топтың барлық мүшелерінің бірдей белгілері бар деп болжайды. Бұл тәсілдеме жеке өзгерістерге қарамастан белгілі бір уақыт аралығында бүкіл топқа және жеке адамға қолданылады.

2. Стереотиптер көбінесе жартылай шындық пен бұрмалануларға негізделген.

Сонымен, мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында стереотиптерді тиімді басқара білу, оларды түсіну және егер олар шындыққа сәйкес келмесе, олардан бас тарту маңызды.

Мәтінге тапсырмалар

Мәтінге сұрақтар:

1. Стереотиптер қайдан бастау алады?
2. Қандай жағдайларда стереотиптер мәдениетаралық қарым-қатынаста пайдалы болуы мүмкін?
3. Неліктен олар мәдениетаралық қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін?

1-тапсырма. Топтардағы жұмыс. Сыртқы келбетіне, жасына, жынысына, ұлтына байланысты әртүрлі стереотиптерге мысалдар келтіріңдер.



Қабылдау стереотиптері күнделікті өмірде кездеседі. Мұндай стереотиптер біздің өмірімізде болып тұрады, алайда біз стереотиптерді жиі өзіміз шығарамыз

1-топ. Кәсіптік стереотип.

Әр мамандықтың оған қатысты стереотиптері бар. Кәсіптік стереотип – бұл әдеттегі кәсіпқойдың жалпыланған бейнесі.

2-топ. Этностық стереотип.

Әр түрлі этникалық қауымдастықтардың өкілдеріне тән моральдық, ақыл-ой, физикалық қасиеттер туралы тұрақты идеялар

3-топ. Жасқа қатысты стереотип.

Әр түрлі жастағы адамдардың бір-біріне қатысты және әр кезеңге тән - балалық шақ, жасөспірім, жастық шақ, жетілу және кәрілік - қоғамдағы мінез-құлық стратегиялары туралы идеяларымен байланысты

4-топ. Сыртқы келбет туралы стереотип

Сыртқы белгілерге негізделген

2-тапсырма. Біздің өміріміздегі ең көп таралған стереотиптерге түсініктеме беріңдер. Олардың әлеуметтену үдерісінде адамға қалай көмектесетіні немесе кедергі келтіретіні туралы ойланыңдар. Сендердің ойларыңша, мәдени топтың ең көп таралған стереотиптерінің тізімін жасаңдар.

3-тапсырма. Топта талқылаңдар:

Стереотиптер – оң, теріс және бейтарап – мәдениетаралық қарым-қатынаста кедергі болуы мүмкін деп келісесіз бе? Мысалдар келтіріңдер.

4-тапсырма. Өздерің білетін үш стереотипті жазыңдар. Оларды топта талқылаңдар.

1. _____
2. _____
3. _____

5-тапсырма. «Стереотиптер» тақырыбындағы жобалық жұмыстың соңғы бөлімінің екі мысалын талдаңдар.

✓ *Қорытындыны жазу құрылымы сақталған ба?*

- ✓ Зерттеу авторлары қандай сұрақтарға жауап берді?
- ✓ Қорытындылардың осы мысалдарының артықшылықтары/кемшіліктері қандай?

Жобалық жұмыс

1-мысал.

ҚОРЫТЫНДЫ

Талдағаннан кейін мен «стереотиптер» — бұл әлеуметтік ойлаудың бір мәнді емес көрінісі деген қорытындыға келдім. Олар біз қаласақ та, қаламасақ та біздің өмірімізде болады. Олар адамдар гасырлар бойы жинаған және жүйелеген ақпаратты сақтайды. Олардың кейбіреулері нақты фактілерге негізделген, басқалары ертегілерге ұқсас, бірақ олар біздің өмірімізде бұрыннан болған, қазір де бар және әлі кейін де болады. Стереотиптердің қайсысы сіздің ойлауыңызға зиянды және қайсысы пайдалы екенін өзіңізге шешкен жөн. Қойған мақсат пен міндеттер орындалды. Мен стереотиптер туралы қызықты ақпараты бар буклет жасадым. Бұл жадынама жасөспірімдерге де, ересектерге де арналған. Жұмыс барысында құжаттаманы рәсімдеуде қиындықтар туындады.

2-мысал.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, мен қазіргі әлемде де стереотиптердің адамдарға әлі де әсері бар деген қорытындыға келдім. Кейде теріс пікірдің дәрежесі сандыраққа жетуі мүмкін, тіпті айқын фактілер де қалыптасқан клишені жеңе алмайды. Мұндай «қателіктер» тек жеке қарым-қатынас деңгейінде зиянсыз болады және сол адаммен жақын қарым-қатынаста болсақ ғана, ал бейтаныс адаммен ыңғайсыз болады.

Менің ойымыша, зерттеу барысында мен жобалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесін алдым, тарих, ағылшын және әлеуметтік ғылымдар бойынша білім өрісімді кеңейттім және болашақта маған көп көмектесетін басқа да ұйымдастырушылық дағдыларды үйрендім, сонымен қатар мен өз жобамның мақсаттарына жеттім деп санаймын. Менің сыныптастарым біздің түсінбеушіліктеріміз көбінесе жойылуы керек бұрынғы және қазіргі стереотиптерге негізделетінін білді.

1. Мен нені үйрендім?
2. Мен нені жақсы жасадым?
3. Келесі жолы мен нені одан да жақсы істей аламын?

Ресурстар:

1. <https://rrepetitor.ru/person/mezhkulturnaya-kommunikacziya-osnovnyeponyatiya/>
2. <https://cyberpedia.su/4xa859.html>

3. https://znanio.ru/media/uchenicheskiy_proekt_stereotipy_-238980
4. http://mgk.olimpiada.ru/media/work/27359/Школа_1560_10.2_Акимова_Анастасия.pdf

Қосымша оқуға арналған материалдар:

1. Chimamanda Ngozi Adichie's TED Talk, "The Danger of a Single Story,"
2. <https://www.youtube.com/watch?v=CDGdqoCyAtw> citation for beginners
3. <https://www.citationgenerator.com/> citation online

28-сабақ. Жобалық жұмыс. Қорытындылар

Оқу мақсаттары:

- (жетілдіруді ұсынып) келесі зерттеу саласын анықтау;
- дереккөздерді дұрыс жазып, библиографиялық тізімді дұрыс құрастыру;

Жаңа материалмен танысайық

1-тапсырма.

Мәтінге тапсырмалар

1. Қорытынды деген не?
2. Зерттеу жобасының соңғы бөлігі қандай бөліктерден тұрады?
3. Қорытындыда не сипатталуы керек?

Зерттеу жобасының қорытындысы

Зерттеу жобасының қорытындысы дегеніміз орындалған жеке зерттеуге қысқаша шолу. Бұл бөлімде зерттеудің өзектілігі дәлелденеді, мақсатқа жету үшін таңдалған әдістердің тиімділігі бағалады, оқушылардың жұмыс бойынша өз тұжырымдары көрсетіледі.

Зерттеу жобасының қорытындысы әр тарауда болған жалпыланған тұжырымдардан тұрмауы керек, онда орындалған барлық жұмыстың талдау жасалуы тиіс.

Қорытындыда зерттеу нәтижелерін тезистік түрде баяндайтын тұжырымдар болуы мүмкін және бұл тұжырымдар жобада қойылған міндеттерді орындау тәртібіне сәйкес беріледі. Қорытындылар зерттеуде қойылған міндеттердің қалай шешілгендігі туралы сұрақтарға қысқаша жауап береді.

Бұл бөлімде автор қол жеткізген нәтижелерінің мағынасын қысқа да нұсқа талқылайды. Сендер ұсынған гипотеза дәлелденді ма, жоқ па, соны көрсету керек: теріс нәтиже де нәтиже.

Жеке немесе топтық зерттеу жобасының қорытындысында таңдалған тақырыпты одан әрі зерттеу үшін зерттеу барысында алынған нәтижелердің мәні талқыланады, сондай-ақ жауабы табылмаған және жаңа зерттеу тақырыбына айнала алатын сұрақтар құрастырылады.

Зерттеу жобасының қорытындысында:

1. Негізгі тұжырымдар мен қол жеткізілген нәтижелерді тізімдеу қажет. Ол үшін зерттеу тақырыбы мен мақсатына, сондай-ақ жобадағы міндеттерге сүйену керек, өйткені осылардың барлығы логикалық түрде өзара байланысты және тәуелді болуы тиіс.

2. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді адам өмірінің әртүрлі салаларында қалай қолдануға болатын көрсету(зерттеудің практикалық маңыздылығы)

3. Қорытындыны сипаттап, оқу-зерттеу жобасы аясындағы жеке тәжірибесінің нәтижелерін бағалау

4. Зерттеу жобасында айқындалған мәселелерді еңсеру және шешу жолдарын тұжырымдау

5. Дайын болып қалған зерттеу жобасы бойынша атқарылған жұмысты қорытындылау, қол жеткізілген мақсаттар мен орындалған міндеттердің сипаттамасын беру.

Дайын зерттеу жобасының қорытындысы – оқушылардың мұғалімнің басшылығымен атқарған жұмысының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Қорытындыда жоба шеңберінде жасалған жалпы зерттеу жұмысының мән-мағынасы қысқаша түрде көрсетілуі керек:

- зерттелетін мәселенің теориясына қатысты тезистер, олардың негізінде практикалық зерттеу жүргізілді;
- зерттеу мақсатына қол жеткізілуін бағалау және білім беру мекемесі оқушысының зерттеу міндеттерін шешуі;
- нақты қорытындылар берілген.

Қорытындының соңында зерттеу жобасы үшін таңдалған тақырыпты одан әрі зерттеу жоспарын көрсеткен жөн, сонымен қатар оны жетілдіру және өзектендіру, зерттеу міндеттерінің тізімін кеңейту бойынша өз нұсқаларыңызды ұсынуға кеңес береміз.

Мәтінге сұрақтар:

1. Неліктен қорытынды зерттеу жобасын жазу үдерісінде маңызды кезеңдердің бірі болып табылады?
2. Зерттеу жобасының қорытынды бөлігінде қандай аспектілер көрсетілуі тиіс?

2-тапсырма. Зерттеу жобасының соңғы бөлігін жазу. Жобалық жұмыстың қорытындысын қорытынды бөлімнің құрылымына сәйкес тұжырымдаңдар: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

1.	Кіріспе	
2.	Негізгі бөлім	
3.	Қорытынды	

3-тапсырма. Жұптық жұмыс Жасаған қорытындыларыңмен бөлісіңдер.
Оларды қарап шығып, тағы нені жақсартуға болатындығы туралы кері байланыс беріңдер.

4-тапсырма. Өздеріңнің қорытынды бөлімдеріңе талдау жасаңдар.
Зерттеу жұмыстарыңның соңғы бөлігінің дайындығын тармақтарға сәйкес тексеріп, құсбелгілерді қойыңдар.

Жобалық жұмыс қорытындыларын қалай жазу керек?

1.	Кіріспені қайта оқып шығып, жобаның мақсаттары мен міндеттеріне баса назар аударыңдар. Өйткені, олардың негізінде қорытындылар жасалады. Олардың қаншалықты ашылып, қол жеткізілгеніне тоқталыңдар.	
2.	Сендер әр бөлімнің соңында шағын тұжырымдар берсеңдер, бұл қорытындыны жазғанда жақсы көмек болады. Оларды жалпылап, реттеңдер. Әрбір жаңа ойдың алдағы идеямен байланысты болуы маңызды. Сондықтан, қажет болған жағдайда байланыстырушы сөйлемдер мен абзацтар жазылады.	
3.	Теориялық бөлім бойынша қорытынды жасалғаннан кейін оқу-практикалық бөлімге өту керек. Барлық жасалған есептеулерді көрсетіп, ұсыныстар немесе кеңестер жасаңдар, қолданылатын әдістерді сипаттаңдар. Ең бастысы – өз беттеріңмен жалғыз өздерің шешім қабылдағандарыңды көрсету.	

4.	Тақырып пен қарастырылған мәселелер, сондай-ақ зерттеу ерекшеліктері жайлы жеке пікірлерінді білдіріп, қажет жерлерге баса назар аударыңдар. Бұл сендердің тұжырымдарыңды қызықты әрі пайдалы етеді.	
5.	Барлық ықтимал қорытындыларды жасаған болсаңдар, мәтінді қайта оқып, егжей-тегжейлі сипаттамаларды өшіріп тастаңдар. Өйткені, әдетте, олар негізгі бөлімде кездеседі. Қысқа да нұсқа жазу стилін ұстаныңдар.	

5-тапсырма. Жұптық жұмыс Библиографиялық тізім мен дәйексөздердің дұрыс жазылғанын тексеріңдер. **Әртүрлі дереккөздердің ресімделуіне назар аударыңдар:**

- ✓ кітаптар
- ✓ мақалалар
- ✓ электрондық ресурстар
- ✓ газеттер

Рефлексия:

1. Мен нені үйрендім?
2. Мен нені жақсы жасадым?
3. Не ең көп қиындық тудырды? Келесі жолы оны қалай жақсартуыма болады?

Ресурстар

1. <https://infourok.ru/nauchniy-proekt-voda-istochnik-zhizni-1081443.html>
2. <https://school-science.ru/4/14/8705>
3. <https://obuchonok.ru/node/5810>

5-БӨЛІМ: ҰЖЫМДЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ПЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Бесінші бөлім оқушыларды ұжымдық әл-ауқат және тұрақты даму; жаһандық азаматтық және жаһандық азамат сияқты ұғымдармен таныстырады. Тапсырмаларды орындап, оқушылар проблемалар мен олардың шешілу жолдары туралы өз көзқарастарын тиімді түрде ұсынып үйренеді, сонымен қатар сыни ойлау дағдыларын жетілдіре алады. Оның үстіне, бөлім оқушыларға өз жобасын дайындап, көпшілік алдында сөйлеу ережелерін қолданып, оны көпшілікке таныстыра алу дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді. Бөлімнің тапсырмалары өз пікірлерінді жеке тұлға ретінде қарастырып, анықтауға мүмкіндік береді.

29-сабақ. Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығы

Оқу мақсаты:

- аргументтің немесе тұжырымның салдарын/әсерін анықтау және бағалау

Сабақ барысы

1-тапсырма. "Әл-ауқат" және "ұжымдық әл-ауқат" терминдерін қалай түсінесіңдер?



**Жаңа материалмен
танысайық**

2-тапсырма. Ақпаратты оқыңдар.

1983 жылы «Тұрақты даму» ұғымы алғаш рет ресми түрде пайда болып, Біріккен Ұлттар Ұйымымен қоршаған орта және даму жөніндегі әлемдік комиссияның жұмыс жасау кезінде қабылданды. 1987 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы "Адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету — әлемдік қауымдастық алдында тұрған ең маңызды мәселе" деп мәлімдеді. 2015 жылғы қыркүйекте БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 70-сессиясында "Әлемімізді қайта құру: 2030 жылға дейін тұрақты дамуға қатысты күн тәртібі" атты жаңа әлемдік күн тәртібі қабылданды. Ол БҰҰ-ның 17 тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) қамтиды.



Қазақстанда тұрақты даму мақсаттарының іске асырылу және оған қол жеткізілу үдерісіне БҰҰ өкілдері тарапынан да, ел үкіметі тарапынан да тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін жаһандық индикаторлар жүйесі әзірленді, айта кетерлік жайт, БҰҰ-ға мүше әрбір мемлекетке осы индикаторларды ұлттандыруға болады. Тұрақты даму мақсаттарының индикаторлары дегеніміз – бұл мақсаттарды өлшейтін көрсеткіштер, мысалы, 3-ші мақсат – денсаулық индикаторлары: 100 000 адамға шаққандағы ауру пайызы; медициналық қызметтерге отбасылық шығындар пайызы; 14-ші мақсат – теңіз экожүйелерін сақтау: балық қорының пайызы; балық аулау пайызы; 17-ші мақсат – тұрақты даму мақсатымен серіктестік: интернетті пайдаланатын адамдар пайызы; ішкі салықтармен және т.б. қаржыландырылатын ұлттық бюджеттің пайызы. Қазіргі таңда тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша Қазақстанның мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның ішінде 205 жаһандық және 75 ұлттық индикатор.

Жаңадан қабылданған мақсаттардың ерекшелігі – олар тек үкіметке емес, жаһандық тұрақты даму үдерісінң басқа қатысушыларына да: бизнеске, азаматтық қоғамға және барлық жеке тұлғаларға жолданған. Қоғамның барлық топтары өкілдерінің теңгерімді қатысуына тек тұрақты даму ғана емес, сонымен бірге қоғамның ұжымдық әл-ауқаты да байланысты.

Сонымен қатар, ұжымдық әл-ауқат көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде отбасы, ақшалай қамтамасыз ету, жұмыс, әлеуметтік орта және қоғамдағы позиция, жеке бостандық пен құндылықтар сияқты жеке ұғымдар да бар. Қоғамның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің негізі болып табылатын ұжымдық сау-саламат жеке тұрақтылық ұғымдарының қоғамдағы талаптарға, құқықтар мен міндеттерге қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Тұрақты даму дегеніміз не?
2. Тұрақты даму мақсаттары не үшін қажет?
3. Елімізде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді жақсарту бойынша сендердің ұсыныстарың.

3-тапсырма. Шағын топтарда интернеттен тұрақты даму мақсаттары туралы ақпаратты табыңдар.



Тұрақты даму мақсаттарына салыстырмалы талдау жаса. Бұл мақсаттарға жету жолдарын ойластырып, жазыңдар.

4-тапсырма. Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша 5 негізгі бағытты зерттендер. Елдегі мәселелерді шешу үшін қандай бағыттарға көбірек назар аудару қажет екенін анықтаңдар.

НЕГІЗГІ 5 БАҒЫТ



Адамдар

кедейлікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмірді қамтамасыз ету, білім беру



Планета

күрлық экожүйелері мен су ресурстарын ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі



Өркендеу

инклюзивті өсу және экономикалық түрлену



Бейбітшілік

қауіпсіз және бейбіт қоғам, мықты институттар, әділеттілік



Серіктестік

тұрақты даму үшін жаһандық серіктестік, ресурстарды, технологияларды жұмылдыру, әлеуетті арттыру, сауда.

5-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма Сендер топ жетекшілерісіңдер. Табысты жобаларды зерттеу үдерісін ұйымдастырыңдар. Топқа олардың біреуін таңдап, кестені толтырып, қорытындылармен бөлісуді ұсыныңдар.



Жоба атауы	
Жобаның мақсаты	
Жобаның мазмұны	
Жобаға қатысушылар (адамдар, компаниялар)	
Жоба саласы (әлеуметтік сала, білім беру саласы, бизнес, экология)	
Тұрақты даму мақсаттарымен байланыс	
Жобаның сәттілігі неде	
Жобаға не қосуға немесе жақсартуға болады	

6-тапсырма. «Қоғамның тұрақты дамуы үшін табысты қызмет жасау» жобасын құру

Жобалық жұмыс

Жоба айдарларын қарап шығындар. Оларды жобаларыңа сәйкес толтырындар. Жобаларыңның тұрақты даму мақсаттарымен байланысына назар аударындар: қандай мақсаттар таңдалды; тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге қандай көрсеткіштерді қосар едіңдер.

Жоба атауы	
Жобаның мақсаты	
Жобаның мазмұны	
Жобаға қатысушылар (адамдар, компаниялар)	
Жоба саласы (әлеуметтік сала, білім беру саласы, бизнес, экология)	
Тұрақты даму мақсаттарымен байланыс	
Тұрақты даму мақсаттарының индикаторлары	

Рефлексия.

1. Қоғамның тұрақты дамуы туралы не білдіңдер?
2. Осы кезеңдегі жобаларыңды қалай бағалар едіңдер?

Ресурстар:

1. <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/ustoychivoe-razvitie/un-sustainable-development-goals/>
2. <https://www.forbes.ru/obshchestvo/425081-ustoychivoe-razvitie-cto-eto-takoe-i-v-chem-ego-znachimost>
3. <https://egov.kz/cms/ru/zur>
4. https://unstats.un.org/sdgs/report/2021/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2021_Russian.pdf
5. <https://csrjournal.com/ustojchivoe-razvitie-koncepciya-principy-celi>
6. <https://mirec.mgimo.ru/upload/ckeditor/files/concept-and-content-of-sustainable-development.pdf>
7. http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/events/S DG%20stat_seminar/Documents/%D0%A6%D0%A3%D0%A0%20%D0%B2%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5_%D0%95%D0%B2%D1%80%D0%B0%D0%B7%D1%8D%D0%BA.pdf
8. <https://www.un.org/ru/https://science-education.ru/ru/article/view?id=17571>
9. https://unstats.un.org/sdgs/indicators/Global%20Indicator%20Framework%20after%20refinement_Rus.pdf
10. https://www.freepik.com/free-vector/different-people-asking-questions_13454503.htm#query=people&position=4&from_view=keyword
11. https://www.freepik.com/free-vector/schoolboy-standing-books-raising-hand-speaking-pupil-reading-home-task-report-flat-vector-illustration-school-education-knowledge_10173517.htm#query=people%20reading&position=9&from_view=search
12. https://www.freepik.com/free-vector/flat-business-employees-meeting-teamwork-training-teaching_27869292.htm#page=2&query=jobs%20business%20man&position=42&from_view=search
13. <https://www.forbes.ru/obshchestvo/425081-ustoychivoe-razvitie-cto-eto-takoe-i-v-chem-ego-znachimost>

30-сабақ. Жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу

Оқу мақсаты:

- жеке көзқарасты негіздеу үшін себептер мен дәлелдер келтіру

Сабақ барысы

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. "Жергілікті", "ұлттық" "жаһандық" ақпарат көздері арасындағы айырмашылықты қалай түсінесіңдер?
2. Қоғам маңызды мәселелерді талқылауға жасөспірімдерді тартуы керек пе?



Жаңа материалмен танысайық

2-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Адамның айналасында әр түрлі деңгейде болып жатқан және адамдар, қарым-қатынас, мәселелер және өз қауымдастығындағы, қаласындағы немесе еліндегі әлеуметтік үдерістер туралы

ойлануға итермелейтін оқиғалар жергілікті оқиғалар болып табылады. Жергілікті газеттер, теледидар, интернеттегі жаңалық сайттары және адамдар, блогерлер, сондай-ақ жергілікті билік пен ұйымдардың сайттары ақпарат көздері қызметін атқарады.

Жергілікті және әлемдік дереккөздерден ақпарат іздеу және бағалау қабілеті өзекті проблемаларды анықтау барысында оларды әрі қарай талқылау, сонымен қатар әртүрлі мәдениет өкілдерімен жаһандық (әлемдік) және жергілікті ақпарат көздеріндегідей шешу жолдарын талқылау мақсатында қажет. Ақпарат көздері әртүрлі көзқарастарды білдіруі мүмкін және олардың кейбіреулері бөлек қоғамның не тұлғаның пікірлерімен сәйкес келмеуі мүмкін болғандықтан, жеке көзқарастарды негіздеу үшін деректерді, себептер мен дәлелдерді келтіру үшін сыни ойлау дағдыларын дамыту және басқалардың пікірлерін құрметтеу қажет. Халықаралық немесе әлемдік ақпарат көздерінің қатарынан Біріккен Ұлттар Ұйымы; ЮНЕСКО; Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы; ЮНИСЕФ және басқалары сияқты белгілі әлемдік ұйымдардың өкілдері ресми болып саналады.

Өзекті мәселелерді шешуді қалай бастауға болады? Мектептегі қоршаған ортаны және жақын орналасқан аумақ пен қауымдастықты зерттеуден бастауға болады. Жағдайды зерттеп, сауалнама жүргізу немесе адамдармен олардың не ойлайтыны жайлы сөйлесу керек. Содан кейін осы тақырыпта қосымша ақпарат табу үшін газеттер немесе интернет-сайттар сияқты жаңалықтар көздерінен іздеу қажет. Зерттеуді бастау үшін идеяларды тіпті оқиғаларға түсініктеме беретін белсенді блогерлердің блогтарынан немесе влогтарынан іздеуге болады. Бірақ қандай ақпарат көзі болмасын, барлық үдерістерді сенімділік пен өзектілік тұрғысынан талдап, тексеру қажет және ол үшін екі қарапайым әдісті қолдануға болады – бақылау және өлшеу.




Бақылау дегеніміз – бұл деректерді алудың ең оңай әдісі, өйткені қандай-да бір дүниенің үдерісін оның табиғи ортасына араласпай байқауға болады. Бақылаған кезде алдымен таңдалған мәселені тұтастай қарастырып, одан кейін оны құрамдас бөліктерге бөлу керек, содан соң келешекте проблеманы шешудің ықтимал әдістерін қарастыру үшін деректерді себептер мен салдарлар тұрғысынан жүйелеу және жалпылау қажет.

Өлшеу жобаны немесе мәселені шешуді нақты және іске асыруға көмектесетін индикаторларды немесе көрсеткіштерді анықтаумен байланысты. Бақылау және өлшеу деректерді салыстыруға және алынған нәтижелерге сүйене отырып, жергілікті қоғамдастық үшін мәселені шешудің маңыздылығы туралы қорытынды жасауға, таңдалған мәселе бойынша өз пікірлері мен дәлелдерін келтіруге мүмкіндік береді. Осындай тәсілдемені жаһандық мәселелерді анықтау кезінде де қолдануға болады.


Мәтінге қатысты сұрақтар.

1. Ақпаратты дұрыс ұсыну үшін қандай дағдыларды дамыту керек?
2. Дүниежүзілік ұйымдар проблемаларды шешуде қаншалықты тиімді деп ойлайсындар? Сендер неге олай ойлайсындар?

3-тапсырма. Жұптық жұмыс



Тұрып жатқан аймақтарыңнан, қалаларыңнан немесе ауылдарыңнан екі жаңалық көзін таңдаңдар. Олар көбінесе қандай оқиғаларды көтеретінін талдаңдар. Мұның мүмкін себептерін түсіндіріңдер. Схеманы толтырып, қорытындыларыңмен бөлісіңдер.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәселені бақылаудың шамамен алынған үдерісін қарастырыңдар. Артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтаңдар. Қажетті өзгертулер мен толықтыруларды енгізіңдер.



5-тапсырма. Жағдаяттық тапсырмаларды шешу.

Жаңалықтарда көрсетілген ақпаратты зерттеңдер. Берілген ақпараттың қаншалықты маңызды екенін және оның шешуді қажет ететін өзекті мәселе екенін анықтаңдар. Біріккен Ұлттар Ұйымы; ЮНЕСКО; Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдар туралы ақпаратты қолдана отырып, мәселені ғаламдық деңгейде шешуге қайсысы көмектесетінін анықтаңдар. Тандауларыңды түсіндіріңдер.

1-топ

«Неліктен Балқаш көлінің маңайы АЭС салу үшін ең оңтайлы аймақ?»
 «Әрине, таулардың жақын орналасуы сейсмикалық белсенділіктің бар екенін білдіреді, сондықтан көптеген сұрақтар туындайды. Бірақ жер сілкінісі қаупі мәселесінен басқа, жер тармақтары, климат, су және басқа ресурстар сияқты басқа да факторларды ескеру қажет. Осының бәрін қорытындылай келе, біз

Балқаш көлінің ауданы болашақта атом электр станциясын орналастыруға қолайлы болып табылады деп шештік», – деп баяндады министр.

2-топ

Қазақстанның киелі жерлеріне ат экспедициясы басталды

Tengrinews.kz "Хабар 24"-ке сілтеме жасап, Қазақстанда "Бозоқтан Ботайға" деген жеті күндік экспедицияның басталғанын хабарлайды.

Қатысушылар киелі жерлерге саяхатты ежелгі Бозоқ қалашығынан бастады. Сапар Солтүстік Қазақстан облысында аяқталады. Бір апта ішінде олар алғашқы жылқы өсірушілер құрған Ботай археологиялық ескерткішіне жетеді. Осылайша, ұйымдастырушылар бірегей нысандар мен тарихи ескерткіштерді танымал етуге үміттенеді. Айта кетейік, ортағасырлық Бозоқ қалашығын белгілі археолог Кимал Ақышев тапқан. Ол Бұзықты көлінің шығыс жағалауында, астананың оңтүстік-батысында орналасқан. Биыл бұл жерде ашық аспан астындағы қорық мұражай ашылады.

3-топ

Алматыдағыдай көгалдандыру. Неліктен көптеген жас ағаштар құрап жатыр?

Алматыда отырғызылған көшеттердің 80%-дан астамы нашар күтім салдарынан өледі. Мұндай мәліметтерді Қазақстан Көгалдандыру Қауымдастығының президенті Татьяна Антоненко келтірді. Ал Алматы әкімдігі басқаша мәліметтер берді. Олардың айтуынша, отырғызылған көшеттердің барлығы дерлік тамыр алады. Ал іс жүзінде жағдай керісінше... Бейберекет құрылыстың, тамырларға, түрлі аурулар мен зиянкестерге зиян келтіретін коммуникацияларды жөндеу және ауыстыру бойынша ұқыпсыз жұмыстың, сондай-ақ өз мекемелерінің қасбетін ашу немесе қосымша тұрақ орындарын жасау үшін өсіп тұрған ағаштардан арылғысы келетін жекелеген кәсіпкерлердің салдарынан көптеген қалалар жасыл қорларынан арылып жатыр.

6-тапсырма.

Жобалық жұмыс

Жобаны әртүрлі нысандарда және әртүрлі деңгейлерде ұсынуға болады. Формалардың бірі әкімшілік немесе ресми органдардағы мәселелерді шешуге арналған ресми хат болуы мүмкін.



Интернеттен мәселелерді шешуге қатысты хат-хабардың ресми стилінің құрылымын тауып, зерттеңдер. Жобаға қатысты мәселені шешу үшін қайда хабарласуға болатынын анықтаңдар. Мәселені шешу үшін ресми органдардың өтініш хат жазыңдар. Хаттарыңды басқалармен бөлісіп, бір-бірлеріңе кері байланыс беріндер.

Рефлексия.

1. Жергілікті қоғамдастықтағы шешуді талап ететін мәселелердің маңыздылығын анықтау үшін саған қандай дағдылар мен қабілеттерді жетілдіру немесе дамыту қажет? Неліктен?
2. Халықаралық жобаларға қатысу үшін қай дағдыларыңды нығайту керек?

Ресурстар:

1. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pochemu-rayon-ozera-balhash-yavlyaetsya-naibolee-optimalnyim-470757/
2. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/konnaya-ekspeditsiya-sakralnyim-mestam-startovala-kazahstane-470776/
3. <https://informburo.kz/stati/ozelenenie-po-almatinski-pocemu-gibnet-tak-mnogo-molodyx-derevev>
4. <https://te-st.ru/2019/07/03/how-to-check-information/>
5. <https://vestnik.journ.msu.ru/books/2020/4/istochniki-mezhdunarodnoy-informatsii-v-kachestvennykh-gazetakh-rossii-i-ssha-1995-i-2015-gg/>
6. <https://www.participatelearning.com/blog/what-do-globally-competent-students-look-like/>
7. www.english.ru
8. <https://burupo.com/ru/russian-business-letter-structure-ru/>
9. https://www.freepik.com/free-vector/different-people-asking-questions_13454503.htm#query=people&position=4&from_view=keyword
10. https://www.freepik.com/free-vector/group-students-studying-together-doing-homework_26297445.htm#query=person%20reading%20book&position=13&from_view=keyword
11. https://www.freepik.com/free-vector/organizing-projects-concept-illustration_5911565.htm#query=project&position=3&from_view=search
12. https://www.freepik.com/premium-vector/partnership-working-together-success-friendship-connection-help-solve-problem-teamwork-unity-cooperate-overcome-challenge-businessman-woman-partner-connect-jigsaw-puzzle_29554506.htm#query=pair%20work&position=22&from_view=search
13. <https://www.freepik.com/free-vector/corporate-meeting-employees-cartoon-characters-discussing-business-strategy-planning-further-actions->

[brainstorming-formal-communication-seminar-concept-illustration_11668427.htm#query=group%20work&position=0&from_view=search](https://www.freepik.com/free-vector/tiny-content-writers-creating-web-articles-flat-illustration_11668427.htm#query=group%20work&position=0&from_view=search)

14. https://www.freepik.com/free-vector/tiny-content-writers-creating-web-articles-flat-illustration_13146666.htm#query=people%20writing&position=48&from_view=search

31-сабақ. Жаһандық азаматтық

Оқу мақсаты:

- әртүрлі презентация формаларын қолданып, жаһандық көзқарастарды ұсыну


Сабақ барысы

1-тапсырма.

1. «Азаматтық», «Жаһандық әлем» және «Жаһандану» сияқты ұғымдарға қатысты көзқарастарыңды түсіндіріңдер. Мысалдарды келтіріңдер.



2-тапсырма.



«Азамат» сөзін қалай түсінетіндерің жайлы ойланып, сөйлемді жалғастырыңдар:
«Азамат болу дегеніміз ... ».

**Жаңа материалмен
танысайық**

3-тапсырма. Ақпаратты оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

Жаһандық азаматтық дегеніміз бір азаматтың немесе азаматтар мен елдердің әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және саяси салалардағы әлемдік немесе жаһандық ауқымдағы әрекеттері. Жаһандық азаматтық проблемаларды шешу үшін әртүрлі мәдени, әлеуметтік немесе ұлттық жағдайларға қарамастан адамдар мен қауымдастықтардың әртүрлі топтарын біріктіреді.

Жаһандық азаматтық қоғамның дамуы барысында туындайтын маңызды жаһандық проблемаларды шешуге қатысуға, сонымен қатар таңдаған салаларда білім мен біліктерді меңгеріп, өздерінің іс-әрекеттері үшін жауапкершілік алуға мүмкіндік береді.



Жаһандық азаматтыққа келесі құндылықтар кіреді: әр адамның қадір-қасиеті және ынтымақтастық, сонымен қатар сөз, дін бостандығы, қажеттілік пен қорқыныштың болмауы, яғни жаһандық азаматтық мәселелерді өзінің ұлты немесе діні тұрғысынан жеке мүддесін ойлап, шектеулі қарастырмайтын адамдарды біріктіреді.

Жаһандық азаматтық тұжырымдамасы БҰҰ-ның «Тұрақты даму мақсаттары» құжатына енгізілген, 4-тармақ: «Барлығына толық және сапалы білім беру және ұзақ мерзімді оқытуға жәрдемдесу, оның ішінде жаһандық азаматтықты оның мақсаттарының бірі ретінде дамыту».



4-тапсырма. Мәтінде келтірілген ақпаратты қолдана отырып, «Жаһандық азаматтық» ұғымына қатысты көзқарастарыңмен бөлісіңдер. Жаһандық азаматтықтың үш артықшылығын анықтаңдар. Өз пікірлеріңді түсіндіріңдер.

5-тапсырма. «Мен кімін?» жағдаяттық тапсырмасы

Жеке жұмыс жасаңдар. Өртүрлі әлеуметтік жағдайларда өздеріңнің жағдайың туралы ойланып, ондағы рөлдеріңді анықтаңдар. Кестені қарап шығып, оны толтырыңдар. Өз нәтижелеріңмен басқалармен бөлісіңдер. Сендерде ортақ нәрсе бар ма?



Әлеуметтік рөл – мен кімін	Менің мәдениетім қандай	Мен қай тілде сөйлеймін	Болашақта өзімді қалай көремін
отбасында			
мектепте			
қоғамда			
елде (азаматтық)			
әлемде			



6-тапсырма. «Жаһандық азамат» ми шабуылы.

Шағын топтарда жұмыс жасаңдар. Бұл анықтаманы оқып шығыңдар, оны қалай түсінгендеріңді талқылап, ақыл-ой картасын жасаңдар. Басқа топтармен бөлісіңдер.

Жаһандық азамат дәстүрлі билік салаларымен, географиялық жағдаймен шектелмей әрекет етеді.

Жаһандық азаматтың мақсаты – адамның қадір-қасиетін қорғау және әлеуметтік есеп берушілікке және халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізу, онда толеранттылық, интеграция және әртүрлілікті мойындау жаһандық азаматтықты ұстанушылардың жан-жақтылығын көрсете отырып, басты орынға ие болып келеді.

Жаһандық азамат		
1.	2.	
3.	4.	5.

7-тапсырма.

Жобалық жұмыс

Жобаның маңызды және қажетті бөлігі – оны көпшілік алдында сөйлеп, ұсыну. Көпшілік алдында сөйлегенде өздеріңді жақсы ұстау үшін кейбір ережелерді сақтау керек. Кестені қарап шығып, жоба бойынша баяндама дайындаңдар.

Баяндаманың мазмұны

Сөйлеу мақсаты	Мақсат қандай? Мен өз сөзіммен қандай нәтижеге қол жеткізгім келеді? Тыңдаушылар менің сөзімнен қандай ғибрат алады? Қандай пайдалы дүние үйренеді?	Сендіру, назарларына жеткізу, әрекет етуге шақыру, көзқарасты өзгерту және т. б
-----------------------	---	---

Аудитория	Тыңдаушылар кімдер? Олар сөйлеу тақырыбы бойынша не біледі?	Мектеп қоғамдастығы, білімді ересектер, шенеуніктер және т. б
Кіріспе	Сөз сөйлегенде тыңдаушылардың назарын қалай аулай аламын? Тақырып бойынша қызықты факт бар ма? Өзекті мәселеден бастасам қалай болады?	- сендер білесіңдер ме...? - сөзімді соңына дейін тыңдағандарыңыз абзал, өйткені... - қанатты сөз немесе мақал - тақырып бойынша риторикалық сұрақ
Негізгі бөлім	Баяндама тақырыбы бойынша ақпарат Баяндау қисындылығы	Аргументтер: - фактілер; сандар, статистика; - дәйексөздер, беделді дереккөздерден пікірлер. Негіздемелер: - құндылықтарға назар аудару; - денсаулық; - қарым-қатынас; таңдау еркіндігі; - белгілі жағдайларға сілтемелер Тіл – метафоралар, салыстыру, әзіл
Қорытынды	Сөзді қалай аяқтауға болады?	- сөздің негізгі идеясын қысқаша қайталаңдар
Дене тілі	Сөз сөйлегенде өзімді қалай ұстауым керек? Қалай және қайда тұрамын?	Бойды ұстау әдебі: - өздеріңді сенімді ұстаңдар - қолдарыңа ие болыңдар - сахнадағы қалыптарың мен тұратын орнындарыңды анықтаңдар Дауыс: сенімді, интонация сөздің мағынасына қарай өзгереді Көз: сенімді; аудиториямен үнемі байланыста болу
Сөз сөйлеуге дайындық	Қалай дайындалу керек?	- Баяндамаларыңды бірнеше рет дауыстап оқып шығыңдар - сөйлеп жаттығыңдар - қағазға қарамай сөйлеп жаттығыңдар - сөз сөйлеуге берілетін уақыт ішінде сөйлеп жаттығыңдар
Сөз сөйлеу уақыты	Тыңдармандар қанша уақыт бойы мұқият тыңдай алады?	10-15 мин
Техникалық қолдау	Әсерлі сөз сөйлеу үшін не қажет?	Микрофон, мінбер, экран, презентация, экранда көрсетулі презентация
Сөз сөйлеу орны	Іс-шара қайда өтеді? Сөз сөйлеу орнын алдын-ала көруге мүмкіндік бар ма?	Зал, сынып, қоғамдық орын, орындықтар саны, сахна, жарықтандыру, акустика

Рефлексия.

Сөйлемдерді аяқтаңдар:

1.Бүгін мен ... жайлы жаңа идеяларды үйрендім.

2. Бүгін сабақта мен үйрендім.
3. Маған жақсарту керек.

Ресурстар:

1. <https://science-education.ru/ru/article/view?id=17571>
2. <https://www.un.org/ru/120924>
3. <https://ru.unesco.org/gced>
4. <https://www.un.org/ru/chronicle/article/21752>
5. <https://ru.unesco.org/themes/obrazovanie-v-duhe-globalnoy-grazhdanstvennosti>
6. <https://www.unesco.org/en/education/sustainable-development>
7. <https://presium.pro/blog/presentation-guide>
8. <https://www.unesco.org/en/education/sustainable-development/need-know>
9. <https://www.un.org/ru/chronicle/article/21764>
10. <https://presium.pro/blog/public-speaking-guide>
11. <https://ontrening.ru/blog/rhetoric/sostavit-tekst-publichnoj-rechi/>
12. https://www.freepik.com/free-vector/different-people-asking-questions_13642290.htm#query=people%20answering%20questions&position=19&from_view=search
13. https://www.freepik.com/free-vector/pensive-people-thinking-crossroad-with-direction-sign-vector-flat-set-doubt-confused-puzzled-characters-making-decision-choice-men-women-choose-way-near-road-post-with-arrow-signs_22488920.htm#page=2&query=people%20answering%20questions&position=1&from_view=search
14. https://www.freepik.com/premium-vector/design-students-sit-piles-books-gain-better-knowledge-access-educational-literacy-illustration-landing-pages-websites-posters-banners-mobile-apps-web-social-media-ads-etc_30095825.htm#page=2&query=people%20reading%20information&position=20&from_view=search
15. https://www.freepik.com/premium-vector/global-sphere-with-people_20315232.htm#page=10&query=global%20citizen&position=16&from_view=search
16. https://www.freepik.com/free-photo/top-view-boss-s-day-assortment-with-pawns_10015061.htm?query=roles%20of%20people&collectionId=1779&position=2&from_view=collections
17. https://www.freepik.com/premium-vector/travel-concept-man-sits-near-passport-chooses-direction-where-go-business-trip-vector_22550533.htm#page=10&query=global%20citizen&position=1&from_view=search

32-сабақ. Жобалық жұмыс. Жобаны таныстыру

Оқу мақсаты:

- құрылымды сақтап, ақпарат пен дәлелдерді ұсыну

Сабақ барысы



1-тапсырма. Жобалық жұмыс істеу тәжірибесімен бөлісіндер.

1. Жобалық жұмыс істеу үшін қандай дағдылар қажет?
2. Көпшілік алдында сөйлеген кезде слайд-презентацияларды қолдану керек пе?

2-тапсырма.

Жобалық жұмыс

Жоба нәтижелеріне негізделген баяндама жасаған кезде көрнекілік ретінде және аудиториямен көбірек байланыс орнату үшін слайдық презентацияны қолдану тиімдірек болады. Әдетте слайдтарға арнайы талаптар қойылмайды, сондықтан әрбір баяндамашы қанша слайд қажет екенін өзі шешеді. Әдетте слайдтар саны баяндаманың мақсатына, аудиторияға және баяндамашының жеке көзқарасына байланысты, бұл жағдайда ғана презентация баяндаманың негізгі идеясын неғұрлым анық және қолжетімді түрде жеткізуге көмектеседі.

Слайд-презентацияны ресімдеудің бірнеше ережесі бар:

Презентацияның мақсаты	Жобаның мақсаты
Презентация тақырыбы	Жобаның тақырыбы
Слайдтардың дизайны	Жобаның мақсатына, тақырыбына және тыңдармандарға байланысты
Слайдтар саны	Шектелмейді, бірақ сөз сөйлеу уақыты шеңберінде
Бірінші слайд	Баяндаманың тақырыбы, сөз сөйлеушінің аты-жөні, жыл және қала
Екінші слайдтан соңғысына дейін - спикердің сөзімен көрнекі байланыс	- Қажетті ақпарат - барынша қысқаша мәтін, негізгі сөздер немесе фразаларды көрсеткен жөн - көрнекі бейнелер – фотосуреттер, суреттер, сызбалар - графиктер, диаграммалар және т. б. - дәйексөздер немесе дереккөздерден үзінділер
Соңғы слайдқа дейінгі слайд/соңғы слайд	- Пайдаланылған ресурстар мен әдебиеттерге сілтемелер - электрондық пошта (қажет болса)



3-тапсырма.

Слайд талаптары көрсетілген кестені қарап шығындар.


Слайдтарда қандай ақпаратты қолданатындарың туралы ойланындар.

Жоба негізінде презентация жасаңдар.

4-тапсырма.

Жұптық жұмыс. Презентацияларыңмен алмасындар.

Оларды қарап шығып, тағы нені жақсартуға болатындығы туралы кері байланыс беріндер.



5-тапсырма.

Жобаны қорғауға дайындалыңдар. Баяндамаларың мен презентацияларыңның дайындығын тексеріңдер; кестелерге құсбелгісін қойып шығындар. Сөйлеп жаттығындар.

Баяндаманың мазмұны

Сөйлеу мақсаты		Сендіру, хабардар ету, әрекет жасауға ынталандыру, пікірін өзгерту және т. б.
Аудитория		Мектеп қоғамдастығы, білімді ересектер, шенеуніктер және т. б.
Кіріспе		- сендер білесіңдер ме...? - сөзімді соңына дейін тыңдағандарыңыз абзал, өйткені... - қанатты сөз немесе мақал - тақырып бойынша риторикалық сұрақ
Негізгі бөлім		Аргументтер: - фактілер; сандар, статистика; - дәйексөздер, беделді дереккөздерден пікірлер. Негіздемелер: - құндылықтарға назар аудару; - денсаулық; - қарым-қатынас; таңдау еркіндігі; - белгілі жағдайларға сілтемелер Тіл – метафоралар, салыстыру, әзіл
Қорытынды		- сөздің негізгі идеясын қысқаша қайталаңдар
Дене тілі		Бойды ұстау әдебі: - өздеріңді сенімді ұстандар - қолдарыңа ие болыңдар - сахнадағы қалыптарың мен тұратын орнындарыңды анықтаңдар

		Дауыс: сенімді, интонация сөздің мағынасына қарай өзгереді Көрініс: сенімді; аудиториямен үнемі байланыста болу
Сөз сөйлеуге дайындық		- Баяндамаларыңды бірнеше рет дауыстап оқып шығындар - сөйлеп жаттығындар - қағазға қарамай сөйлеп жаттығындар - сөз сөйлеуге берілетін уақыт ішінде сөйлеп жаттығындар
Сөз сөйлеу уақыты		10-15 мин

Слайдтардың мазмұны

Презентацияның мақсаты		Жобаның мақсаты
Презентация тақырыбы		Жобаның тақырыбы
Слайдтардың дизайны		Жобаның мақсатына, тақырыбына және тыңдармандарға байланысты
Слайдтар саны		Шектелмейді, бірақ сөз сөйлеу уақыты шеңберінде
Бірінші слайд		Баяндаманың тақырыбы, сөз сөйлеушінің аты-жөні, жыл және қала
Екінші слайдтан соңғы слайдқа дейінгі слайдқа дейін - спикердің сөзімен көрнекі байланыс		- Қажетті ақпарат - барынша қысқаша мәтін, негізгі сөздер немесе фразаларды көрсеткен жөн - көрнекі бейнелер – фотосуреттер, суреттер, сызбалар - графиктер, диаграммалар және т. б. - дәйексөздер немесе дереккөздерден үзінділер
Соңғы слайдқа дейінгі слайд/соңғы слайд		- Пайдаланылған ресурстар мен әдебиеттерге сілтемелер - электрондық пошта (қажет болса)

Рефлексия: жобадағы тәжірибелеріңді бес сөзбен сипаттаңдар. Неліктен осылай санайтындарыңды қысқаша түсіндіріңдер.

Ресурстар:

1. https://studbooks.net/840062/marketing/prezentatsiya_spetsialnoe_meropriyatie_svyazyah_obschestvennostyu
2. https://studbooks.net/840063/marketing/ponyatie_prezentatsii
3. <https://rgiufa.ru/prochee/kakoe-pravilnoe-oformlenie-shkolnogo-proekta.html>
4. <https://obuchonok.ru/node/5777>
5. https://kpmuk1.edu.yar.ru/metodicheskie_rekomendatsii/sovremennie_pedagogicheskie_tehnologii.html
6. <https://informburo.kz/novosti/glava-voz-zayavil-chto-pandemiya-koronavirusa-poka-ne-zakonchilas>
7. <https://obuchonok.ru/node/5777>

8. https://www.freepik.com/free-vector/pack-flat-people-asking-questions_13404913.htm#query=people%20answering%20questions&position=24&from_view=search
9. https://www.freepik.com/premium-vector/teamwork-mini-people-doing-portfolio_2079040.htm#page=3&query=people%20doing%20project&position=5&from_view=search
10. https://www.freepik.com/premium-vector/people-feel-check-boxes-list-project-task-management-it-concept-software-development-process-project-management-activities-violet-palette-illustration-white-background_9863022.htm#page=2&query=people%20doing%20project&position=31&from_view=search
11. https://www.freepik.com/premium-vector/effective-business-team-project-implementation-business-success-vector-illustration-happy-flat-cartoon-characters_11293831.htm#page=2&query=people%20doing%20project&position=23&from_view=search

2-БӨЛІМ

11-сабақтың жауаптары Жанжалды шешу жолдары.

Жауаптар:

1-тапсырма

- A. Өз көзқарасыңға сендіруге тырысып, өз ойыңды қорғайтын боласың.
- B. Жағдайды елемей, проблеманың болуына көз жұмасыз.
- B. Келіспесеңдер де немесе қалаған нәрселерің болмаса да, басқалар қалаған нәрсені жасайсыңдар.
- Г. Тез ымыраға келіңдер.
- Д. Барлығының көңілінен шығатын шешім табасыңдар.
- E. Басқа

3-БӨЛІМ.

18-сабақ Дүниетанымды түсіну

1-тапсырма

Өлең өмірге деген екі түрлі көзқарасты, яғни екі қарама-қайшы дүниетанымды көрсетеді.

2-тапсырма

1-сұрақ

Мысал: күнделікті дүниетанымды бар адам – адам өзінің күнделікті тәжірибесі мен логикалық тұжырымдары негізінде өз көзқарасын қалыптастырады, сонымен қатар білгенін өмірде табысты қолдану үшін аға буынның тәжірибесін немесе интернеттен немесе кітаптардан алған ақпаратты қолданады.

2-сұрақ

Қауырт – күнделікті тәжірибеге сүйеніп, қоршаған өмірдің әсерінен (мәселені төбелес арқылы шешкен дұрыс емес, өйткені үйде де және мектепте де бұл үшін ұрысатын); Саналы — қоршаған әлемді түсінуге тырысып, тиімді іс-әрекетке негізделген ("Істеген ісің өзіңе оралады" - буддистік философияның бір бөлігі, адам бұл тұжырымға мүмкін өз бақылаулары арқылы келеді).

3-тапсырма

Дүниетаным құрылымы: білім, қағидаттар, рухани құндылықтар, идеалдар, ұстанымдар, идеялар

4-тапсырма

1б, 2в, 3д, 4г, 5а,

6-тапсырма

Деректерді талдау жиналған деректерді жүйелеп, құрылымдап, мағынасына қарай жүйелеу және жиналған деректерді бақылау арқылы заңдылықтарды анықтау,

бақылау, зерттеу, ұйымдастыру, түрлендіру және модельдеу арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған.

Деректерді талдап болған соң, оларға түсініктеме беру. Деректерге түсінік беру – өңделген және талдаудан өткен деректерге мән беру үдерісі. Бұл бізге негізделген және мазмұнды қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

19-сабақ. Басқа адамның көзқарасын қабылдау қабілеті

20-сабақ. Өзге мәдениеттерге жататын адамдарға құрмет көрсету

Жауаптар

3-тапсырма: Әртүрлі жауаптар

Жауаптың мысалы: бақылаушы қалпын қабылдап, жеке шеңберден алыстаған дұрыс. Әртүрлі мәдениет адамдарымен араласыңдар, тарих пен дінді зерттеңдер, әртүрлі ұлттардың тағамдарын жеп көріңдер.

21-сабақ Шыдамдылық: бір-бірімізді түсінуді үйренеміз

Жауаптар

3-тапсырма: әртүрлі жауаптар

Мысал-жауап: толерантты тұлғаның қасиеттері:

- шыдамдылық
- ұстамдылық
- сенім
- сезімталдық
- жанашырлық
- сыпайылық
- адамдарға жақын болу
- әзілдей білу қабілеті
- айырмашылықтарды қабылдау
- ізгі ниет
- гуманизм
- қызығушылық
- тыңдай білу қасиеті
- басқаларды айыптаудан аулақ болу
- альтруизм

5-тапсырма: әртүрлі жауаптар

Мысал: "Толеранттылық қағидаттарын қалай жүзеге асыру керек"

- ✓ Басқа адамды бағындыруға тырыспа
- ✓ Басқа адамды зерттеңдер
- ✓ Басқа адамды сол қалпында қабылда
- ✓ Біріктіруші факторларға назар аудар
- ✓ Барлығын әзілмен қабылда

4-БӨЛІМ.

23-сабақ. Өзін, өз мәдениетін және басқа мәдениеттерді танып, қабылдау

Жағдаяттық тапсырма:

Азиялық мәдениет өкілдері үшін сыйлықтардың рөлі туралы мәселе мүлдем басқа мағынаға ие. Өйткені іскерлік қатынастар олардың көзқарасы бойынша жеке қатынастарға негізделген. Сыйлықтар серіктестер арасында байланыс орнатуға көмектеседі. Батыста пара сияқты көрінуі мүмкін кез-келген әрекеттен аулақ болуға тырысады. Шақырулар мен сыйлықтар жағымсыз әрекет немесе тіпті параға теңестіріледі. Іскерлік мінез-құлықтың батыстық моделі қатаң этикалық ережелер негізінде құрылған.

25-сабақ. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі.

Бір мәдениет өкілдері басқа мәдениет өкілдерінен несімен ерекшеленуі мүмкін? (білім, әлеуметтік деңгей, дін, мінез-құлық нормалары, құндылықтар және басқалар)

3-тапсырма

Құндылықтар түрлері

Материалдық құндылықтар	Рухани құндылықтар	Әлеуметтік құндылықтар
Тұрмыстық техника, смартфондар, аксессуарлар, тұрғын үй, киім, тамақ, зергерлік бұйымдар	Махаббат, адалдық, сұлулықты көре білу сезімі, сенім, адалдық, еркіндік, жанашырлық, отбасы, денсаулық, құрмет	Достар, әлеуметтік шеңбер, белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілік, саяси көзқарастар мен сенімдер

5-тапсырма

1 с

2 а

3 б

27

3. Стереотиптер қайдан бастау алады? Адамның бойында таптаурындар әртүрлі жолдармен қалыптасады: · әлеуметтену және нақты мәдени жағдайға бейімделу үдерісінде: адам бала кезінен бастап мәдениетті зерттеу үдерісі барысында басқа халықтар туралы белгілі бір жолмен ойлау әдетін қалыптастырады; · айналадағы жақын адамдармен қарым-қатынас жасау барысында (ата-аналар, достар, құрдастар, мұғалімдер және т. б.); · басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасаудың оң және теріс тәжірибесі бар шектеулі адамдар қатары арқылы; · бұқаралық ақпарат құралдары арқылы.

5-БӨЛІМ

29-сабақ. Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығы:

1-тапсырма– оқушылардың пікірі

2-тапсырма– оқушылардың пікірі және мәтіннен алынған ақпарат

3-тапсырма– тапсырма осы диаграммаға сәйкес орындалады, оқушылар салалардың даму жылдамдығын өздері анықтай алады.

Мысалы, 0-40% (50%) даму – баяу даму;

60-70% - орташа; 80-100% - жылдам даму.

Бұл айырмашылықтың себептерін, оқушылар өздері болжалдап, ұсынады.

4-тапсырма– адамдар– кедейлік пен аштықты жою; денсаулық; сапалы білім, гендерлік теңдік; теңсіздікті азайту.

Планета– таза су және санитария; арзан және таза энергия; климаттың өзгеруімен күресу; құрлық пен су қоймаларының экожүйелерін сақтау.

Өркендеу – тәуір жұмыс және экономикалық өсу; инновациялар, индустрияландыру және инфрақұрылым; тұрақты қалалар мен елді мекендер; жасаукершілікті сезініп, тұтыну және өндіріс.

Бейбітшілік – бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар;

Серіктестік – тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік

5 және 6 тапсырмалар – жобаларды өз бетінше зерттеу және оқушылардың өзіндік көзқарастары.

30-сабақ Жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу

1-тапсырма– оқушылардың пікірі

2-тапсырма– оқушылардың пікірі және мәтіннен алынған ақпарат

3-4 тапсырма – оқушылардың көзқарасы

5-тапсырма– халықаралық ұйымдардың сайттарынан алынған ақпарат

6-тапсырма – сабақ материалдары мен ресми хат құрылымына негізделген топ мүшелерінің пікірлері

31-сабақ. Жаһандық азаматтық

Сабақ тапсырмаларына жасауаптар оқушылардың пікіріне, олардың тұжырымдамалары мен пайымдауларына негізделген. Оқушылар өз көзқарастарын негіздеу үшін сабақ ақпаратын пайдаланады.

32-сабақ Жобалық жұмыс. Жобаны таныстыру

Тапсырмалардың барлық жасауаптары – бұл оқушылардың өз бетінше ізденістері.